



№12 (174), 2022
(Желтоқсан-Декабрь)

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

М.К. АХМЕТОВА

Наука как призвание и профессия3

Д. САЛИХАНОВ

Қолданбалы психологияның және педагогиканың
этнопсихологиялық зерттеулері.....6

А. ОЛЖАЕВА

Жасөспірімдер арасындағы буллинг мәселесі 11

К. САКАУОВА, М. ЖУМБАЕВА

Оқушылар арасындағы буллинг және суицидтік әрекеттің
алдын алу 13

А. АБУОВА

Тілінде кемістігі бар балаларға психологиялық-
педагогикалық қолдау көрсету 16

З. КАРИМОВА

Біз емтиханға сеніммен барамыз!.....22

Б. АЙТБАНОВА

9-сынып оқушыларына арналған психологиялық тренинг 25

Л. ҚҰРМАНАЛИЕВА

Студенттер бойындағы жағымсыз мінез бітістерінің алдын
алу жолдары26

Т. БЕРЖАНОВА, А. ҚАЖКЕНОВА

Тәртіптің ең тамаша мектебі – отбасы.....29

Л. БАЯНОВА

Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас әдебі32

А. ТҰРАБАЙҚЫЗЫ

5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіне
арналған психологиялық жаттығулар35

Н. МЕЙРКУЛОВА

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестеріне
түзету-дамыту сабағы37

Ж. ИЛЬЯСОВА, Н. КАДЫРОВА

Мұғалімдерге арналған психологиялық тренинг40

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор –

Ақнұр ОЛЖАЕВА

Ғылыми редактор –

М. АХМЕТОВА

20. 05. 2010 ж.
ҚР Байланыс
және ақпарат
министрлігінде
қайта тіркеліп, №10964-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды

23. 12. 2022 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 320.

Редакцияның

мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,

Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс:

8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел: 8 777 194 94 58,

8 777 303 37 67.

Эл пошта:

pedagog-ltd@mail. ru

Журнал <<Print
House GERONA>>

типографиясында
басылды.

Алматы қаласы, Сәтбаев
көшесі 30А/3, 124.

Көркемдеуші және
беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

М. Ахметова – редакция алқасының төрағасы, психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

О. Саңғылбаев – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, ҚазҰПУ)

М. Перленбетов – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

Б.Р. Кадыров - д.пс.н., профессор
(Узбекистан, Ташкентский филиал
МГУ им. М.В. Ломоносова)

М. П. Кабакова – канд. психол. н.,
доцент (Алматы, КазНУ)

Ш. Сатиева – психол. ғ. к., проф.
(Семей, «Семей ун-т»)

Ә. Көкебаева – психол. ғ. д., проф.
(Көкшетау, «Көкшетау ун-т»)

Ұ. Төлешова – п.ғ.к.
(Алматы, ҚазҰПУ)

Б. Бейсекеева – педагог-психолог
(Павлодар обл.)



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілермен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдардың стильдік қателіктеріне редакция жауап бермейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.



Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотографии не рецензируются и не возвращаются.

Главный редактор –
Акнур ОЛЖАЕВА
Научный редактор –
М. АХМЕТОВА

Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК.
Свидетельство №10964-Ж от
20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 23. 12. 2022 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
сот. т.: 8 777 1949458, 8 777 3033767
Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймкулова

Журнал напечатан в типографии
<<Print House GERONA>>
г. Алматы, ул. Сатпаева, 30А/3,
124-офис.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасында сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз. Мақаланызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Наука как призвание и профессия

М.К. АХМЕТОВА

Статья посвящена Заслуженному деятелю науки и техники Казахстана, доктору педагогических наук, доктору психологических наук, профессору Жарикбаеву Кубигулу Бозаевичу.

Как гласит главная заповедь кодекса «Бусидо»: «Важен путь, а не цель», так и я, вспоминая жизнь отца – профессора Жарикбаева Кубигула Бозаевича, прихожу к мысли о том, что он, избрав свой путь, всегда оставался верен ему. Следуя своей цели, планам, он не предавал своих убеждений и умел, несмотря на различные жизненные обстоятельства наслаждаться красотами живописной прогулки под названием «жизнь».

Как часто человек, оглядываясь назад, вспоминает о возможностях, которые остались навсегда только частью памяти об ушедших днях. Однако история Кубигула Бозаевича не приемлет эпизодов с таким содержанием. Как же так получилось? Ответ достаточно прост: он умел жить, любил свое дело и профессию и, главное, верил в свои идеи. Идя по дороге самопознания, профессор Жарикбаев каждый раз открывал для себя новые знания и мир становился лучше, интереснее и содержательнее. Слушая повествования своего отца, я не переставала удивляться его силе, крепости духа, мудрости и кипящей энергии жизни. Порой, смотря на него, я думала, что он легко может дать фору более молодым людям, так как его пыливый ум всегда находился в режиме полной работоспособности.

Мне, как дочери, хочется рассказать о той стороне его жизни, которая остается за кадром, «скрытой» от людских глаз. Но без нее характеристика личности отца не будет полной.

...Каким был стиль его работы, режим рабочего дня, чем он интересовался кроме науки и службы, что и как делал в свободное от работы время, увлечения и многое другое. Прежде всего, нельзя не отметить его высочайшую работоспособность, которая сочеталась с четкой организацией труда. Еще в советские годы из республиканских издательств к отцу чаще всего обращался за статьями научно-методический журнал «Халық мұғалімі» (современный «Қазақстан мектебі»), получив задание от редакции, он несколько дней по вечерам просматривал литературу – подбирал материал, делал выписки, вырезки. В эти дни на его лице появлялась какая-то необычная сосредоточенность – явный признак интенсивной работы ума... и, в один из своих вечеров, разложив перед собой собранные материалы, садился за боль-

шой стол, и за один присест полностью завершал работу над статьей объемом в 10-11 машинописных страниц.

Основные научные интересы К.Б. Жарикбаева сосредоточены вокруг разработки проблем истории казахской психологии и этнопсихологии. В результате многолетних исследований, автор установил, что история психологической мысли в Казахстане своими корнями уходит в глубокую древность. Ее зарождение и становление во многом было подготовлено богатой психолого-педагогической традицией древних тюрков. Предки современных казахов на протяжении веков накопили богатый опыт обучения и воспитания подрастающего поколения, создали своеобразные обычаи и традиции, определенные стереотипы поведения, в которых нашли отражение думы, чаяния, мечты и идеалы кочевника, живущего в тесном единении с природой. Жарикбаев К.Б. расширил и уточнил содержание таких понятий, как «народная психология», «этнопсихология», ввел в научный оборот новые научные понятия: «психология кочевников», «психология старцев наставников» и др. По этой проблеме им опубликованы ряд монографий, таких как: «Развитие психологической мысли в Казахстане» (1968), «Отцовский завет – полезный совет» (1980), «Сокровища памяти» (1991), «История казахской психологии» (1996), «Этнопсихология» (1998), «Этнопсихологические основы национального воспитания» (2005) и др.

Профессор Жарикбаев К.Б. проводит исследования также в области возрастной, педагогической, социальной психологии. Он и его сотрудники занимаются изучением психологических основ подготовки казахских детей к обучению в школе, вопросами преемственности дошкольного и школьного воспитания в условиях полиэтнического Казахстана, выявления этнопсихологических аспектов во взаимоотношении детей и родителей, формирования и становления этничности, своеобразия формирования личности учителя, работающего в малокомплектных казахских школах.

Эти темы в той или иной мере нашли отражение в учебниках К.Б. Жарикбаева «Общая психология» и «Этнопсихология», изданных для высших общеобразовательных школ Республики Казахстан. Ряд его публикаций посвящен методике преподавания (напр., «Некоторые вопросы преподавания психологии в педучилище» (1986), «Методика преподавания психологии в средней школе» (2003).

Большую ценность для казахстанской психологии представляет «Толковый словарь казахской психологической терминологии» (2006), а также «Библиографический указатель аль-Фараби» (1978, 1995), который является первой попыткой систематизации научного наследия великого сына казахской степи. На большом фактическом материале построены его монографии «Развитие психологической мысли в Казахстане» (1968), «Психологические воззрения Жусупбека Аймауы-

това» (2000), «Психологическая наука в Казахстане (история и этапы развития в XX в.)» (2002), «Психологические взгляды Халела Досмухамедова» (2008) и др. В рамках президентской программы «Культурное наследие» К.Б. Жарикбаев выпустил десятый специальный том, посвященный истории психологической мысли казахского народа «Казахская психологическая мысль с древнейших времен и до наших дней» (2006).

К.Б. Жарикбаев – автор около 1000 научных и научно-популярных статей и более 50 книг по психологии: учебников, учебных пособий, методических трудов, словарей и библиографических указателей по различным отраслям психологической науки.

Научные труды К.Б. Жарикбаева в разные годы поощрялись различными наградами. В 1998 г. за заслуги перед республикой ему было присуждено почетное звание «Заслуженный деятель науки и техники Казахстана». Он является действительным членом Международной академии акмеологических наук, почетным академиком АПН Казахстана, лауреатом премии им. И. Алтынсарина и А. Байтурсынова.

Мой отец являлся по-настоящему свободным человеком, он жил как хотел и поступал так как считал наиболее правильным. Вспоминая изречение Зигмунда Фрейда о том, что: «Большинство людей в действительности не хотят свободы, потому что она предполагает ответственность» я могу уверенно заявить, что Кубигул Бозаевич никогда не боялся брать ее на себя. Порой он был резок и негибем в вопросах отстаивания своих воззрений, однако при этом обладал особым талантом оставаться спокойным и абсолютно честным по отношению к самому себе и людям вокруг.

Жизнь моего отца – это жизнь человека, являющегося примером стойкости, осознанности и огромной любви к делу, которому он себя посвятил. При знакомстве с его биографией неизменно возникают мысли о чести, высоком достоинстве, вдумчивости и содержательности.

В романе Мухтара Ауэзова «Путь Абая» после смерти главного героя был задан главный вопрос: «Может ли умереть, бесследно исчезнуть тот, кто оставил после себя бессмертное слово?»

Сегодня можно с твердой уверенностью ответить на него: «Он будет жить, пока жива память, пока живы его труды, ученики и соратники».

Когда в жизни человека есть положительные примеры – это безусловно помогает ему продолжать расти и, добиваясь цели, становится лучше. Так и в случае со многими современными учеными Казахстана роль Жарикбаева в процессе их становления значима и весома. У каждого из нас были учителя, наблюдая за которыми мы вдохновляясь продолжали следовать за своими идеями, за своей мечтой. И сегодня, вспоминая личность отца – этого неординарного человека, я вижу перед собой учителя, друга... Он символизирует любовь к Родине, иск-

ренность и доброту многонационального казахстанского народа, мир, взаимопонимание и согласие. Добрый, открытый, настоящий человек с честным и заботливым сердцем.

Когда уходят близкие люди, в сердце остаются глубокие незаживающие раны, но при взгляде на полки с научными работами Жарикбаева Кубигула Бозаевича сказать «прощай» невозможно.

Когда пройдет много лет, русла рек поменяют свои черты, но труды тех, кто, преодолевая трудности жизни, поднимаются на пик высокой горы, будут и дальше освещать наш путь, став основой строительства лучшего будущего для каждого человека.

Список использованной литературы:

1. М.К. Ахметова. Академик Т.Т. Тажибаев и современная психологическая наука Казахстана. Монография. – Алматы, 2013. – 446 с.
2. К.Б. Жарикбаев, М.К. Ахметова. Развитие казахской национальной психологии в историко-теоретическом аспекте. Учебное пособие. – Алматы, 2014. – 495 с.
3. К.Б. Жарикбаев, М.К. Ахметова, А.К. Олжаева. Казахская этнопсихология. Учебное пособие. – Алматы. – 2014. – 302 с.

Қолданбалы психологияның және педагогиканың этнопсихологиялық зерттеулері

Д. САЛИХАНОВ

Қолданбалы психология – психологияның бір саласы, оның зерттеу саласы адамдардың өмір тәжірибесінде (кәсіби, білім беру, медициналық салада, жеке өмірде) туындайтын нақты психологиялық мәселелер (міндеттер) болып табылады. Мәселелер зерттеудің екі бағытын да, сипатын да тудырады. Қолданбалы психология теорияны практикада қолдануға негізделеді, оның ішінде жаңа теориялық идеялар дүниеге келгенімен, теорияны практикалық қолданудың жалғасы ретінде әлі де супер міндет болып табылады. Бұл ғылым мектепке, балабақшаға, медицинаға өте қажет. Қолданбалы психология адамдардың өмірінің белгілі бір саласына немесе кәсіби іс-әрекетіне тән психологиялық мәселелерді зерттейді. Қолданбалы психологияның салаларына мыналар жатады:

- педагогикалық психология;

- медициналық психология;
- өнер психологиясы;
- дін психологиясы;
- отбасы психологиясы және т.б.

Қолданбалы психология салаларының тізімі өсуде. Оның ең танымал компоненттері педагогикалық, клиникалық, құқықтық, мәдениетаралық, саяси, экономикалық, әскери психология; сонымен қатар еңбек психологиясы, спорт, дін, кәрілік (геронтопсихология), отбасы және т.б. Психологияның қазіргі салаларының барлық алуан түрлілігі, дегенмен, жалпы зерттеу пәнін - өмірдің ерекше формасы ретінде психиканың фактілерін, заңдылықтарын және механизмдерін сақтауды болжайды.

Сонымен қатар қолданбалы психология басқа ғылымдардың сабақтас салаларынан арнайы білім ала отырып дамып келеді. Қолданбалы психологияның салалары үшін бұл сәйкес білім салаларының жетістіктері (педагогика, құқықтану, дінтану және т.б.); жалпы психология үшін - ең алдымен биология және медицина. Әрбір ғылым өзінің табысты дамуы және әлеуметтік маңызды функцияларды орындауы үшін зерттелетін құбылыстар туралы дұрыс түсінік беретін бастапқы ережелерге негізделуі керек.

Мұндай ережелер осы ғылымның әдіснамасы ретінде анықталады. Оны ғылыми әдістердің жиынтығынан ажырату керек. Соңғылары психологияның бір немесе бірнеше салаларында бастапқы ақпаратты бірден алуға мүмкіндік беретін бірізді өзара байланысты әрекеттердің жиынтығы. Қазіргі психологияның қолданбалы бағыты психологиялық салалар мен пәндердің кең және кең желісі болып табылады. Шарттылықтың үлкен немесе аз дәрежесімен оларды бірнеше топқа біріктіруге болады:

- бірқатар гуманитарлық ғылымдардың психологиялық аспектілері және олардың арнайы қолданбалары (саяси, экономикалық, құқықтық, этникалық (мәдениетаралық) психология және т.б.);
- даму мен тәрбиелеудің әртүрлі кезеңдерінің психологиялық мәселелері (даму психологиясы, салыстырмалы психология, педагогикалық психология және т.б.);
- еңбек әрекетінің әртүрлі түрлерінің психологиясы (еңбек психологиясы, инженерлік психология, авиация және ғарыш психологиясы және т.б., спорт психологиясы);
- әр түрлі аурулардың алдын алуда, диагностикалауда және емдеуде психологиялық заңдылықтарды қолдану (денсаулық психологиясы, медициналық психология, психотерапия және т.б.).

Жоғарыда аталған топтарға кіру қиын болса да, төтенше жағдайлардағы мінез-құлықтың психологиялық ерекшеліктеріне және қоршаған ортамен өзара әрекеттестіктің психологиялық мәселелеріне назар аударған жөн.

Бірқатар гуманитарлық ғылымдардың «психологиялық қосымшалары». Саяси психология – қоғамның саяси өмірінің психологиялық компоненттерін зерттейтін психология саласы. Бұл көңіл-күй, пікірлер,

сезімдер, құндылық бағдарлар және т.б. Олар ұлттардың, әлеуметтік топтардың, үкіметтердің, жеке тұлғалардың саяси санасы деңгейінде көрінеді және нақты саяси әрекеттерде жүзеге асады. Психологияның бұл қолданбалы бөлімі мақсатты үгіт-насихат мәселелерін, саясаткердің, партияның және қазіргі үкіметтің бейнесін шешеді; қоғамдық-саяси процестердің пайда болуының, дамуының және басқаруының психологиялық аспектілерін зерттейді.

Соңғы уақыттарда этнопсихологиялық ақпаратқа деген қажеттілік айрықша мәнге ие болуда. Бұл Қазақстанның көпұлтты мемлекет ретінде қазіргі жағдайда дамуында ұлт аралық келісімді қамтамасыз ету, ұлттар бірлігін нығайту және этнос аралық қатынастарды кеңейтумен байланысты. Этнос аралық қатынастардың қоғам өміріндегі адамзат факторының белсенділігіне қажеттілігімен байланысты атқаратын қызметтерінің заңдылықтарын зерттейтін мәселелер өзекті болып табылады. Адамның тұлға ретінде қалыптасуы қоғам санасының элементтерінсіз мүмкін емес. Тұлғаның қалыптасуына мәдени – психологиялық ықпал әлеуметтену процесінде өтетін этностық құндылықтарға белсенді қатысумен байланысты. Бұл заңдылықтарды жеткіліксіз бағалау ұлт аралық қатынастар аясындағы негативті құбылыстарға соқтыруы мүмкін. Осыған байланысты этнопсихологияның дамуына қажеттілік туындайды. Көп ұлтты Қазақстан үшін әрбір ұлттың, халықтың, этностық бірлестіктер мен қалың бұқараның түрлі әлеуметтік топтардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу аса маңызды және өзекті мәселе.

Сондықтан да елімізде этнопсихология ғылымының зерттеулеріне назар аударсақ, алдыңғы қатарлы дамығын өркендетті елдердің сатысына көтерілеріміз хақ. Мәселенің зерттелу өзектілігі екі негізгі себеппен анықталады: Қазақстан Республикасындағы қазіргі этностық процестерді ұғыну қажеттілігімен, сонымен қатар психологиялық білімдердің қазіргі жүйесінің дамуы.

Этникалық психология – бұл психология, әлеуметтану (философия), мәдениеттану және этнология (этнография) сияқты ғылымдардың тоғысында пайда болған дербес, біршама жас және сонымен бірге күрделі білім саласы, ол белгілі бір дәрежеде ұлттық ерекшеліктерін зерттейді. адамның және адамдар тобының психикасы.

Философия (грек тілінен *phileo* – сүйемін + *sophia* – даналық) басқа барлық ғылымдар шыққан бесік бола отырып, әдістемелік және теориялық тұрғыдан негізінен этникалық топтар мен олардың өкілдерінің, ең алдымен ұлттардың әлеуметтік және ішінара психологиялық ерекшелігін түсінеді және анықтайды. оның адамдардың ішкі және халықаралық қарым-қатынасы мен қарым-қатынасына әсер ету ерекшеліктері. Ұлттар мен этносаралық қатынастардың отандық теориясының өкілдері және олардың шетелдегі көптеген әріптестері белгілі бір этникалық қауымдастық мүшелерінің арасында ұлттық сипаттағы ерекше белгілердің және олардың ерекше үйлесімі (психикалық қоймада көрсетілген) бар екенін бұрыннан мойындады, олар белсенді түрде әрекет етеді. іс-әрекеттері мен мінез-құлқында көрінеді.

Әлеуметтану (латын тілінен *societas* - қоғам + грек тілінен *logos* - ғылым, ілім) және мәдениеттану (латын тілінен мәдениет - даму + грек тілінен *logos* - ғылым, ілім) өз кезегінде ұлттық топтардың әлеуметтік және мәдени қауымдастық ретіндегі сапалық ерекшеліктерін үнемі зерттеп келеді. Олардың дамуының социологиялық және мәдени тұжырымдамаларын жасады. Сондықтан олар бұл құбылыстардың психологиялық мазмұны мен түсіндірмесін де назардан тыс қалдыра алмады. Әлеуметтану және мәдениеттану өз зерттеулерінің көмегімен әртүрлі этникалық топтардың өзара әрекеттестігі мен мәдени қарым-қатынасының ең жалпы тенденциялары мен заңдылықтарын көрсетуге ұмтылады. «Ұлттардың тағдыры көп жағдайда жалпы қоғамдық процестердің дамуы мен бағыты – қоғамдық қатынастардың өзгеруі, халықтардың әлеуметтік-территориялық ұтқырлығы, ұлтаралық және әлеуметтік байланыстардың қарқындылығы мен тереңдігі нәтижесінде шешіледі».

Этнология (этнография) (этнология грек тілінен *ethnos* – тайпа, халық + *logos* – ғылым, ілім; грек тілінен алынған этнография *ethnos* + *grahō* – жазамын) ғылыми білімнің бір саласы ретінде алғашында материалдық мәдениетті, туыстық жүйелерді, тұрмысты зерттеуге бағытталды. қолдау, білім беру, әртүрлі халықтардың әлеуметтік және саяси құрылымы; олардың этногенезі, этникалық және мәдениетаралық байланыс мәселелері; этникалық топтардың қоныстануы, олардағы демографиялық процестер; белгілі бір халықтың мәдени қасиеттерін (мәдени өзгерістерін) салыстыру.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда бір жағынан психологияның, екінші жағынан жоғарыда аталған ғылымдардың, ең алдымен этнологияның (этнография) көзқарасының айырмашылығын дұрыс түсінудің өзекті қажеттілігі туындап отыр. этнопсихологиялық құбылыстардың көрінісі мен қызмет етуінің мәні, мазмұны және ерекшеліктері.

Отандық этнография (сонымен қатар шетел этнологиясы) әртүрлі этностар өкілдерінің салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптары мен нанымдарын, өмір салты мен тұрмысын, олардың басқа адамдармен мәдени байланыстарының ерекшеліктерін талдауға және түсіндіруге бағытталған ғылым ретінде пайда болды. өздерінің психологиялық ерекшеліктерін елемеуге болмайды. Рас, оны психологиялық тұрғыдан емес, мәдени ерекшеліктерге, соңғысының қалыптасқан әлеуметтік және тарихи құндылықтарға шоғырлануының тарихи тәжірибесіне көбірек қызығушылық танытуы керек еді (әдетте, бұл орын алды) белгілі бір халықтардың өмірі мен қызметі туралы.

Төтенше жағдайда бұл жеке тұлғаның тарихи-мәдени әлеуметтенуінің, оны белгілі бір ұлттық қауымдастықтың әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерімен таныстырудың жалпы тетігі болуы мүмкін. Осы білім саласының аясында этносоциология деп аталатын ғылыми бағыттың қалыптасуы кездейсоқ емес.

Сонымен, шын мәнінде этнографтар өзара байланысты мәселелерді, атап айтқанда, психологиялық мәселелерді белсенді түрде зерттеуге кірісті, бірақ олар дұрыс шеше алмады, өйткені соңғысы мүлдем басқа

әдіснама саласына, спецификалық ерекшеліктеріне жатады. сапалық жағынан әртүрлі құбылыстардың қызмет етуі.

Алайда, этнографтардың этнопсихологиялық құбылыстардың мәнін түсінуге деген көзқарастары адамдардың жеке және қоғамдық санасының көрінуінің психологиялық емес, социологиялық және мәдени заңдылықтарын білуге және қарастыруға негізделген, бұл түпкілікті талдауда, олардың жеке тұлғалық және қоғамдық сана-сезімінің көрінуіне мүмкіндік бермейді. Әдістемелік тұрғыдан өте дәл және нақты психологиялық мәннің мазмұнын және олардың қалыптасу, көріну және қызмет ету механизмдерін іс жүзінде дұрыс түсіну. Демек, этникалық қауымдастық өкілдерінің психологиялық қызметінің гносеологиялық аспектісі туралы, олардың сыртқы әлемді қабылдауы, интеллектуалдық және танымдық процестері, жеке тұлғаның және әлеуметтік мінез-құлықтың белгілі бір психологиялық қасиеттері саналы түрде және жеткілікті түрде дәлелденбеген кезде дұрыс идеялар қалыптаса бермейді. кейбір ғалымдар ұлттық ерекшелігінен айырылған немесе психологиялық тұрғыдан түсіндірілмеген арнайы зерттеулер.

Қазіргі кезде қазақстандық этнопсихология ғылымының теориялық және әдістемелік негіздерін еліміздің бірқатар ғалымдары қарастыруда. Қ.Б. Жарықбаев қазақ халқының этнопедагогикалық және психологиялық ой-пікірлерін зерттей келіп, қазақтың ұлттық мінез мәселесін көтерген. С.М. Жақыповтың этнопсихологиялық зерттеулері оның бірлескен диалогты танымдық іс-әрекет теориясы шеңберінде қарастырылған.

Отандық психология ғылымының өкілдерінің ұлттық психологиялық құбылыстарды зерттеуге және талдауға белсенді араласуы бұл ұстанымды біршама шайқалтты, бірақ соған қарамастан, ол көбінесе этникалық құбылыстарға социологиялық және психологиялық көзқарастардың арасындағы су айрығын құрайды. Психология ғылымы өзінің теориясы мен нақты қолданбалы зерттеулерінде білімнің басқа салаларында болып жатқан жаңалықтар мен жетістіктерді жинақтауы керек екені сөзсіз.

Бұл іс жүзінде осылай болады. Бір жағынан, бұл тәсілдер шетелде де орын алатыны белгілі, ал екінші жағынан, олар қазірдің өзінде бір-бірінен айтарлықтай алшақ және таза қолданбалы мақсаттарда қолданылады. Соңғысы өзінің мазмұны бойынша психологиялық болып табылатын және оның үстіне психология ғылымының зерттеу пәні болып табылатын құбылыстардың мәні мен қызмет ету ерекшеліктерін нақты психологиялық заңдылықтар негізінде түсіндіруге тиіс екені анық. Бұл құбылыстарды зерттеудегі социологиялық және этнографиялық тәсілдер олардың шығу тегі, факторлары мен қалыптасу көздері туралы ғылыми ойларды толықтыра алады және түпкі ақиқат деп айта алмайды.

Сонымен бірге педагогика (грек тілінен аударғанда *paideia* – бала тәрбиесі туралы ғылым), саясаттану (грек тілінен аударғанда *politikos* – басқару өнері + *logos* – ғылым, ілім) сияқты осы және басқа ғылымдардың нәтижелері қажет. Психологтардың зерттеулері, өйткені оларсыз өздерінің қызығушылық саласына қатысты нақты құбылыстарды дұрыс түсіндіру мүмкін емес. Сонымен, саясаттану этнопсихологтардың көме-

гімен нақты ұлттық аймақтардағы саяси процестердің жүру ерекшеліктерін дәлірек сипаттай алады, бұл көбінесе оларда тұратын халықтардың ұлттық психологиялық ерекшеліктерінің көріну ерекшелігіне байланысты. Ал этнопсихология мұғалімдерге, мысалы, оқу іс-әрекетінің неғұрлым лайықты мазмұнын ұсына алады, өйткені ол көбінесе белгілі бір этникалық қауымдастықтың ұлттық тәжірибесінің ерекшеліктерімен анықталады.

Сонымен қатар, қазіргі кезде этникалық психология жасай алмайтын зерттеу нәтижелерін талдамай-ақ, көптеген қоғамдық құбылыстар мен процестердің ұлттық ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған нақты ғылымдардан қолданбалы білім салалары пайда болды. Сонымен бірге бұл білім салалары өз пәні бойынша және сәйкесінше зерттеу ерекшеліктерімен ерекшеленеді.

Жасөспірімдер арасындағы буллинг мәселесі

А. ОЛЖАЕВА

Заман өзгергенімен, жасөспірімдер арасындағы әлімжеттік мәселесі туралы сөз қашанда көтеріле береді. Оның себебі не? Мектептегі зорлық-зомбылық проблемалары алғаш рет XX ғасырдың басында – 1905 жылы К. Дьюкс өзінің зерттеуін жариялаған кезде пайда болды, бірақ шынымен жүйелік зерттеуді скандинавиялық зерттеушілер жүргізді, олар: Д. Олвеус, П. Хайнеманн, А. Пикас, Е. Роланд.

Олар буллинг тұжырымдамасын жасады – (bullying, ағылшынша bully – бұзақылық) және олар бұл ұғымды қысым көрсету, кемсіту, қудалау ретінде талдады.

Бұл проблемалардың кейінгі зерттеулерінде әр түрлі зерттеушілер осы құбылыс жайлы өз ойларын ортаға салып, талқылады, бірақ олардың барлығы адамға немесе адамдар тобына физикалық, психикалық зорлық-зомбылықпен бірге жүретін әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық проблемалардың үлкен тобының болуын, адамның агрессорға қарсы өзін қорғай алмайтындығын көрсетті.

Мәселенің осы көзқарасына сүйене отырып, буллинг классикалық түсініктегі мінез-құлық емес, агрессивті мінез-құлықтың көптеген нақты түрлері мен қосымша түрлерін қамтитын деструктивті өзара әрекеттесудің ерекше түрі екенін атап өтуге болады.

С. Кривцованың анықтамасы: буллинг – бұл кейбір балалардың басқаларға қарсы агрессиясы, агрессор мен жәбірленуші күштерінің теңсіздігі болған кезде, агрессия қайталануға бейім. «Күш теңсіздігі, қайталану – буллингің екі маңызды белгісі».

Буллингтің ерекшелігі, ол жәбірлеушімен жәбірленушінің позицияларының теңсіздігінде, егер жәбірлеуші физикалық немесе психологиялық сипаттағы артықшылықтарға ие болса, ал жәбірленушінің басқа адамдарды тарта отырып, өзін қорғауға және басқаларды тартуға мүмкіндігі жоқ. Сонымен қатар, буллинг сипатталады: жәбірленушіге қасақана зиян мен қайғы тигізу; жәбірленушінің өзіне деген сенімділіктен айыруға бағытталған; қарсы тұру қабілеті, адамның қадір-қасиетін буллингке және жоюға бағытталған; және психикалық немесе физикалық әл-ауқат пен денсаулықты бұзу. Сонымен қатар, буллинг әрдайым топта пайда болады, айналасындағы адамдарға тартып, әсерін тигізеді (бұл буллинг қақтығысқа ұқсас), буллинг ешқашан өздігінен тоқтай алмайды – не тек үшінші тараптың араласуынан кейін, не жәбірленушіні немесе қылмыскерді бір-бірінен алыстатқан жағдайдан кейін.

Сондай-ақ, буллинг төмендегідей сипаттамаларға ие:

Қайталану және/немесе кезеңділік; Пиғыл; Зиян тигізу; Күш немесе әсерді теріс пайдалану.

В.П. Петросянцтың зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жәбірленуші болған мінез-құлық қыздарда да көбірек көрінеді. Бұл факт әйелдікке тән белгілермен, гендерлік сәйкестікті қалыптастыру үдерісімен және өзін-өзі тану ерекшелігімен байланысты. Қыздар өзін-өзі сынайды және «Мен»-нің әр түрлі аспектілерін талдауға бейім, ал ұлдарда «Мен» құрылымы жеңілдетілген.

Агрессивті жасөспірімдер өзін-өзі төмен бағалаумен сипатталады, басқа адамдарды қорғау қажет болған жағдайларды болдырмайды, тіпті пайдалы болса да, олар өзін-өзі бағдарлап, адамдарды өз пайдасына басқаруға дайын.

Бұл құбылысты зерттеуде теориялық және практикалық сипаттағы бірқатар қиындықтар бар. Мысалы, теориялық тұрғыдан алғанда, бұл құбылысты түсіндіретін, әсіресе, жасөспірімдерге байланысты әзірлемелер әлі де жеткіліксіз, өйткені бұл проблема тек жас ерекшелігі ғана емес – әлеуметтік сипатқа да ие, сондықтан қоғамның өзі үшін де, жас ұрпақтың арасында да, бұл мінез-құлықтың өте жағымсыз үлгісі болып табылады. Агрессияның классикалық теориялар тұрғысынан, қақтығыстар, жас психологиясы және педагогикасы және т.б., буллинг құбылысын түсіндіру қиындығы, тіпті ұғымдар деңгейінде де нақты түсінік жоқ – агрессия бар, жанжал бар, жәбірленуші мен жәбірлеуші бар және т.б., әр теориялық тәсілдің мәселеге өзіндік көзқарасы бар, бірақ ол әдетте тек бір тәсіл шеңберімен шектеледі. Бұдан бөлек, буллинг құбылысын түсіндіруде әрдайым жас ерекшелігі ескерілмейді, өйткені буллинг жасөспірімде міндетті түрде тұрақты құбылыс емес – бұл құбылыс көбінесе ересектердің әсерінен жабық топтарда (сынып, құрдастар) пайда болады және әрдайым сырттан анық көріне бермейді. Сондықтан буллингтің ерекшеліктерін аспектілерінде дәл құбылыс ретінде анықтау қиын. Бұл қазірдің өзінде практикалық проблема – буллингты қарапайым жасөспірімдер қақтығыстарынан анықтау және ажырату қиын, олар көріністе жарқын, бірақ табиғаты бойынша алыс болуы мүмкін. Сондықтан диаг-

ностикалық сипаттағы қиындық бар. Сондай-ақ, бұл құбылыстың профилактикалық проблемасы бар, өйткені бұл жерде сөз тек жасөспірімдердің бір-бірімен қарым-қатынас жасауы, араласу қабілеті жайлы ғана емес, бірақ әңгіме қарым-қатынастың моральдық және құндылық негізі туралы, дәлірек айтқанда, бұл сала мұғалімдердің жасөспірімдерге әсері өте жабық, өйткені жасөспірімдерде моральдық билік өз ықпалын жоғалтады және мүлдем басқа адамдар құндылыққа ие болады.

Буллинг мәселесі қай заманда болмасын, аса өзекті мәселе, себебі ол балалардың нәзік психикасына өз әсерін қалдырмай кетпейді. Оны мұқият зерттеу үшін оқушылардың арасында жиі сауалнамалар жүргізіп, жеке-дара әңгімелесу жүргізген абзал. Көпшілік жасөспірімдер шындықты айтудан ұялады, немесе жазаға ұшырап кетемін деп қорқады, сондықтан әңгімелесу барысында оқушымен сенімділік қарым-қатынас орнату керек. Сондай жылы, сенімді әңгімелесу барысында оқушы өз бойындағы қорқыныш пен сенімсіздіктен арыла алады да құрбы-құрдас-тарымен позитивті әрі достық қарым-қатынас орната алады. Буллинг мәселесіне тек мектеп психологтарын жауапты етпей, қоғам болып, ата-ана ретінде үйде балалармен бұл туралы ашық сөйлесуге кеңес береміз. Қоғамда барлық азаматтардың құқығы бірдей екенін үнемі еске салып отырған жөн. Сол үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік бар екенін де жиі-жиі айтып отыру қажет. Әл-Фараби трактаттарындағы «ізгілікті қала тұрғындары» деген жазбаны тек арман емес, шынайы өмір көрінісі ете білу – өз қолымызда!

Оқушылар арасындағы буллинг және суицидтік әрекеттің алдын алу

**К. САКАУОВА
М. ЖУМБАЕВА**

Мақсаты:

- Оқушылар арасында кездесетін буллинг түрлері мен суицидтің алдын алу туралы ақпарат беру, себептерін анықтау;
- Оқушылар арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию сияқты жағдайлардың, қиыншылықтардың алдын алу жұмыстарын жүргізу.

Ұйымдастыру:

- I. Баяндама (слайд);
- II. Тренинг-жаттығулары;
- III. Қорытынды.
- I. «Оқушылар арасындағы буллинг және суицидтік әрекеттің алдын алу» баяндама

Буллинг (ағылш. bulle – бұзақы, төбелесқұмар, зәбірлеуші) – мазақ-

тау, агрессивті қудалау, қорқыту, қыспалау немесе біреуді-біреуге айдап салу. Яғни, әлсіз адамды қорқыту немесе ренжіту үшін күш пен әсерді пайдалану. Бұл қудалау мектептерде немесе мектепке жол бойында, мектепте өткізетін іс-шаралар барысында жиі орын алады.

Буллингпен неге жұмыстануымыз керек:

- Сыныптың ахуалын өзгертеді;
- Буллингке қатысы жоқ оқушыларға жағымсыз әсер етеді;
- Білім сапасы төмендейді;
- Буллингтен жапа шегушілер суицидтік іс- әрекетке барады.

Буллингтің тәсілдері:

• Тікелей: агрессивті мінез-құлық зардап шегушінің қатысуымен көрініс табады (адамның адамға өзара іс-қимылы, тікелей зиянды вербалды немесе жазбаша коммуникациялар);

• Жасырын: агрессивті мінез-құлық балаға тікелей бағытталмаған (өсектеу, басқалардан баланы оқшаулап тастауға көндіру);

Буллингтің түрлері:

- Физикалық (ұрып-соғу, тебу, итермелеу);
- Вербалды (сексуалдық сипаттағы пікірлер, жесттер, мазақтау, келемеждеу, қорқыту);
- Қарым-қатынасқа байланысты: беделі мен қарым-қатынасын бұзу үшін құрылған (әлеуметтік оқшаулау, өсектеу, ұқынсыз бейнелерді/суреттерді жариялау).

Суицидтің түрлері:

1. Шынайы

• Оған барған адам өмірден түңіледі, үнемі көңілсіз болып жүреді, өлгісі келеді. Нақтырақ айтқанда өмірдің мәнін жоғалтады.

2. Жариялық

• Өзін-өзі өлтіргісі келгендердің көбі өлместен бұрын өзгелердің назарын өзіне аударғысы келеді. (Мысалы біреумен ренжіссе, қолына суық қару алып, болмаса арқан, жіп ала жүгіріп, «өлем»деуі.)

3. Жасырын

• Бұл түрінде адам өз-өзін өлтіру жақсы іс еместігін түсінеді. Бірақ қиындықтан шығар шара, жол жоқ болып көрінгендіктен, өлімге апаратын істерге бас тігеді.

II. Тренинг-жаттығулар.

1-жаттығу. «Балалық шаққа саяхат»

Нұсқау: Қатысушылар шеңберге шығады. Бір сәт балалық шаққа саяхат жасайды. Әр қатысушы шеңбер бойымен өздерінің балалық шақта ата-анасы, тумалары қалай еркелетіп, есімдерін атағаны туралы айтып шығады.

2-жаттығу. «Сіз не істеудесіз?»

Нұсқау: Шеңберде қатысушылар тұрады. Көршісінен сұрайды Сіз не істеудесіз? Басқа қимылды жасай отырып, басқа әрекетті істі атайды.

Мысалы: Жүгіріп келе жатқан бейнені сала отырып, кітап оқудамын дейді, көршісі кітап оқыған кейіпті көрсеткенмен, одан басқа көршісі сұрағанда басқа жауапты атайды, т.с.с. ойын жалғасады.

3-жаттығу. «Импульс»

Нұсқау: «Күлкі», «Түлкі» әдісімен екі топқа бөліну. Екі топ қолдарын артқа ұстап, жүргізушінің нұсқауымен бір-бірінің қолдарын қысып, соңғы қатысушы ортада тұрған затты алып үлгеру керек.

4-жаттығу. «Ауа райын болжау»

Осы мәтінді әр түрлі бағытта оқыңыз:

«Сәлеметсіз бе, сізбен бірге ауа-райы және мен оның жүргізушісі... [сіздің атыңыз]. Бүгін Орал қаласында күн ашық, жауын-шашынсыз болады. Желдің жылдамдығы секундына 1 метрден беске дейін. Түнде бұл аймақта бұлтты болады. Ертең түстен кейін бұлтты ауа-райы, кей жерлерде аздап жаңбыр жауады»

Сыбырлап айту;

Қатты дауыстап айту;

Тоңған кейіпте айту;

Аузында ыстық тамақ бар сияқты;

Робот сияқты;

Сендіріп айту;

Жылап айту;

Күліп айту;

Кішкентай бала сияқты айту;

Махаббатпен айту (ғашықтық).

Қорытынды: Жұмысыңыздың жоғары деңгейде болуының рецептісі:

- 1 порция ақыл;
- 2 порция шыдамдылық;
- 3 порция батылдық;
- 4 порция жұмысқа қабілеттілік;
- 5 порция оптимизм;
- 6 порция жұмысқа берілу;
- 7 порция тәуелсіз және еркін ойлау;
- 8 порция мейірімділік;
- 9 порция денсаулықты күту;
- 10 порция өзіл;
- 11 порция такт;
- 12 порция сенім.

Ал жұмыс соңында, үйге келген кезде мынадай қорытынды жасауға болады:

- Бүгінгі күнім қалай өтті?
- Қоғамға, өзіме және жанұяма қандай пайда әкелдім?
- Мен қандай ұстазбын?

Тілінде кемістігі бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету

А. АБУОВА

Қандайда бір мүмкіндігі шектеулі тұлға педагогикалық-психологиялық және әлеуметтік қолдауды қажет ететіні аян. Осы орайда:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 5-бабы 11-3) тармақшасына сәйкес Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы бұйрығымен қысқаша таныстырып өтейін.

Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларының Жалпы ережелері:

Қағидалардың 5-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалар санаттарын психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды тәрбиешілер / педагогтер сабақтар, факультативтік, пәндік үйірмелер мен қосымша сабақтар барысында жүзеге асырылады, сондай-ақ педагогикалық психологтар, әлеуметтік педагогтер арнайы білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде педагог-психологпен және әлеуметтік педагогпен бірлесіп жүзеге асырады.

Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру білім беру ұйымының Жарғысына, білім беру және ғылым саласындағы нормативтік құқықтық актілерге, осы Қағидаларға, білім беру ұйымы мен ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың ата-анасы арасындағы келісімге сәйкес жүзеге асырылады. Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінің құрамына кіреді, әдістемелік бірлестіктің жұмысына қатысады.

Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды қамтамасыз ету екі кезеңнен тұрады:

Бірінші кезең:

Сынып жетекшілер пән мұғалімдері мен ата-аналардың өзара іс-қимылын ұйымдастырады, білім беру ұйымының әлеуметтік педагогтарымен бірлесе отырып баланың дамуының әлеуметтік жағдайын зерттейді, сабақ уақытында және сабақтан тыс уақытта қолайлы эмоционалдық-психологиялық климатқа жағдай жасайды.

Білім беру ұйымының тәрбиешілері білім алушылардың оқу бағдарламаларын меңгеруінде қиындықтарды анықтау мақсатында оқу жетістіктерін бақылайды, кәсіптік этиканы және ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың жеке ерекшеліктеріне байланысты құпиялықты сақтайды, қажет болған жағдайда білім беру ұйымының психологтарынан, әлеуметтік педагогтерден немесе арнайы педагогтерден кеңес алады.

Екінші кезең:

Білім беру ұйымының басшысының орынбасарлары психологиялық-педагогикалық қолдап отыру процесін ұйымдастырады және бақылайды, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдап отыру жеке бағдарламасын жасауға, қолдап отырудың нәтижелерін, тәрбиеленушінің даму динамикасын, оқушының жетістіктерін талқылауда қатысады, мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды сабақтан тыс және бос уақытындағы іс-шараларға қосады.

Қазіргі уақытта статистикалық көрсеткіштерге жүгінсек, жылдан жылға сөйлеу тілі кемістігі бар балалар саны және логопедиялық көмекті қажет ететін балалардың пайызы өсуде. Кез келген жаста сөйлеу тілінің бұзылуы танымдық іс-әрекеттің және адамның әлеуметтік бейімделу мүмкіншілігін шектейді.

Бұл баланың жалпы жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсер етеді. Оның зияткерлік дамуы және мінез құлқының сипаттамасы жас шамасына жиі сай келмейді, ұжымдағы құрбы құрдастарымен қарым қатынасы қиындайды.

Жалпы тіл кемістігі бар балалармен жұмыс жасау барысында әр түрлі әдістемелерді пайдалана отырып, балаға (балалардың жағдайына қарай ыңғайлы) тиімді әсер беретін әдіс-тәсілдерді іріктеп, (жұмысты нәтижеге бағыттау) жұмыстың нәтижесін шығару.

Білім беру қызметін жетілдіру барысындағы ғылыми әдістемелік еңбектерді саралап, педагогикалық, психологиялық тұрғыда көмек көрсетіліп, түзету жұмыстары үйлесімді жүргізілсе, осы жұмысқа қатысты әдістемелік ұсыныстар жасалса, дидактикалық материалдар дайындалса тіл кемістігін түзету жұмыстары оң нәтиже береді.

Тәрбиелеу және оқытудағы жұмыстар олардың жалпы сөйлеу мүмкіндіктері мен даму ерекшеліктері, ой-өріс, мінез - құлықтары ескеріле отырып, мектеп бағдарламасына сәйкес жүргізіледі. Дегенмен бұл балалардың өзіндік ерекшеліктері бар.

Бала дамуының екінші жағына келетін болсақ, ол психофизиологиялық ерекшеліктері. Әдетте бұл балалар мектепке келген кезде ПМПК-дан өздерінің анықтамаларымен келеді. ***Сол анықтама бойынша көбінесе жиі кездесетін диагноздар мыналар:***

- орталық нерв жүйесінің органикалық зақымдануы,
- тым қозудың салдарынан зейінділіктің төмен болуы (СДВГ),
- белсенділіктің басым болуы,
- агрессивті қозудың жиі болуы,
- өте ұяң болуы,
- бала бойында корқыныштың басым болуы,

Сонымен қатар, бұрын жиі кездеспейтін, қазіргі кезде белең алып бара жатқан аутизм, психикалық дамудың тоқырауы (ЗПР), балалар сал ауруы (ДЦП) кездесіп калады.

Аутизм – (аиоз-өзім) сыртқы дүниеден мүлдем шеттетіліп, ұнжырғасы түсіп, өзінен-өзі; тұнжырап жүретін, қараңғы қайғыға бататын ауру. Аутизм ауруына шалдыққан бала айналасындағылармен шешіліп сөйлеспейді, қарым-қатынасы болмайды, еш нәрсеге қызықпайды, көңілі көтерілмейді, өне бойы тұйықтанып, бұйығып жүреді.

Психикалық дамуының тоқырауы (ЗПР) – тоқыраудың бұл түріне созылмалы жұқпалы немесе аллергиялық аурулардан, сонымен бірге соматикалық өрісінің дамуындағы, ең алдымен жүрек іштен және кейіннен жабысқан дерттерінен пайда болатын әр түрлі соматикалық кемістіктер жатады. Баланың психикалық баяу дамуына жалпы ағзаның өте әлсіздігі де айтарлықтай ықпалын тигізеді.

Міне осы ауытқулардың барлығы психологиялық-педагогикалық деңгей көрсетудің керек екенін көрсетеді.

Біздің мектеп-интернатымызда жоғарыда айтылған ауру түрлерінің басым көпшілігі бастауыш сыныптарында кездеседі.

Көмек көрсету жұмыстары неден басталуы керек?

Біріншіден: толық анықтама немесе анализдеуді қажет етеді, кейде берілген анықтама бала диагнозына сәйкес болмай шығады.

Екіншіден: түзету жұмыстарын жоспарлы түрде уақытымен жүргізіп, нәтижесін нақты қорытындылау.

Үшіншіден: мұғалімдер, тәрбиешілермен, логопедпен, отбасында ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жасау.

Төртіншіден: жұмыс барысында балалардың психо-физиологиялық ерекшеліктерін біле отырып, мүмкіндігіне қарай жұмыс жасау.

Балалармен жұмыс жасау барысында даму аумақтарын айқындап алғаннан кейін, оқыту-тәрбиелеу жұмыстарының жоспарын құру.

Психологиялық көмек жұмыстары тікелей және көлденең көмек көрсету түрлерінде ұйымдастырылады.

Тікелей көмек көрсету – арнайы оқыту, тәрбиелеу үрдістері мен жеке жұмыс түрлері.

Көлденең көмек көрсету - баланы қоршаған ортада жағымды микро-ахуал туғызу.

Осы негізде балалармен жалпы және жеке түзету жұмыстары мынандай бағыттарда жүргізілді: таным қабілеттерінің дамуы, мотивациялық іс-әрекеттің қалыптасуы, ерік-жігердің ырықтылығының дамуы, коммуникативтік машықтарының қалыптасуы, жалпы қарым-қатынастарын қалыптастыру.

Таным қабілеттері қабылдау, есте сақтау, зейін, ойлау, қиял үрдістерін дамыту барысында әр түрлі әдістемелер балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, шағындалып алынады.

Коммуникативтік машықтары мен жалпы қозғалыстарын қалыптастыру бір - бірінен ажырамай бірге жүреді. Жалпы тіл кемістігі бар

балалармен жұмыс барысында кешенді жаттығулар мен кешенді есте сақтауларды бірге жүргізу балалардың өздеріне деген сенімділігін туғызады, қорқыныштарын жояды.

Балалармен жұмыстарда ойынды әдістемелерді сөйлеу тілін дамыту және түзету мақсатында қолдануды ұсынады.

- Дидактикалық;
- Қимылды;
- Шығармашылық құрастыру;
- Драматизм-ойындары;
- Рөлдік-мағыналық.

Тіл кемістігі бар балалардың ұсақ қол моторикасын дамытуда әртүрлі массаж қолданады. Оның негізгісі сылау, сипау, қысу, сілкілеу, қозғалту, дірілдету арқылы босаңсыту және қатайту массаждары.

Ұсақ қол моторикасын дамыту

Сөйлеу мүшелері әрекетінің қозғалуының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, түзету тәрбие жұмысын жүйелі жүргізу қажет. Адамның бас миында саусақ қимылына және сөйлеуге жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқан. Ұсақ моторикаға әсер ете отырып, көрші орналасқан сөйлеуге жауап беретін орталықты да дамыта аламыз. Балалардың сөздік қорларын дамытуда саусақ ойындары үлкен нәтиже береді.

Саусақ ойындары мен жаттығуларын орындату үшін де әр түрлі тәсілдер қолданылады.

Тыныс алу жаттығулары

Балаға дұрыс тыныс алуды үйрету өте маңызды, себебі тыныс алу біздің сөйлеу тіліміздің энергетикалық негізі болып табылады. Балаларға жаттығуларды ойын түрінде ұсынған жөн. Мұндай ойын жаттығулар арқылы бала терең дем алуға, ұзақ бағытталған дем шығаруға үйренеді.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу үрдісінде көптеген әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Соның ішіндегі ең қолайлы әдістер:

- сөйлесу;
- ертегі терапия;
- арт-терапия;
- ойын.

Сөйлесу.

Олар балаға жаңа ақпаратты жеткізуге, онымен диалог құруға бағытталған, оның барысында бала өз сұрақтарын қойып, олардан егжей-тегжейлі және түсінікті жауаптар ала алады. Жаңа дағдыларға тез бейімделе түседі.

Қазіргі таңда өкінішке орай біздің көпшілігіміз мүмкіндігі шектеулі жандармен қалай дұрыс қарым-қатынас жасауды білмейміз. Біз мүмкіндігі шектеулі жандарды кездестіргенде өзімізді жайсыз сезінеміз, тіпті кей-кездері оларды абайсызда ренжітіп аламыз.

Мүмкіндігі шектеулі адамдармен сөйлесу барысындағы аздаған кеңестерге тоқталып өтсек:

1. Сіз мүмкіндігі шектеулі адамды кездестіргенде ол адаммен тікелей сөйлесуіңіз керек. Мүмкіндігі шектеулі жанды күлімдеп, жылы шыраймен қарсы алу керек;

2. Мүгедектігіне назар аудармаңыз. Олардың мүгедектігін анықтау маңызды емес. Оларға тең көзқараста қарау, басқалар тәрізді олармен сөйлесу және кез-келген әрекетте бірлесе атқару өте маңызды;

3. Шынайы көмек қолын созу керек. Кейбір адамдар оларға қол ұшын беруден бас тартып жатады, себебі олардың көңіліне қаяу түсіріп алудан қорқады;

4. Егер сіз көмек ұсынсаңыз ол қабылдағанша күтіңіз, содан кейін не керектігін және оның қалай жасалатынын сұраңыз;

5. Мүмкіндігі шектеулі жан қиындыққа тап болса, оны мұқият тыңдаңыз. Шыдамды болыңыз, ол адамның әңгімесі аяқталғанша күтіңіз.

Ертегі терапиясы.

Бұл тұлғаның сөйлеуін дамыту, сананы кеңейту және сыртқы әлемді бейнелеу арқылы өзара әрекеттесуді жақсарту үшін қолданылатын әдіс. Ертегі баланы кейіпкерлерді түсінуге шақырады, нәтижесінде оның адамдар, қоршаған әлем заттары мен құбылыстары туралы жаңа идеялары, жаңа эмоционалды тәжірибесі пайда болады. Ертегі терапиясын логопедтер, психологтар мен тәрбиешілер кеңінен қолдануда.

Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасағанда ертегі терапияның бірнеше түрлері қолданылады.

Көркем ертегілер, дидактикалық, психокоррекциялық, психотерапиялық және медитация аспектілері бар.

Арт-терапия

Арт-терапия – бұл өнермен, шығармашылықпен емдеу. (Терминді А. Хилл енгізген).

Арт-терапия қызметінің басты мақсаты – мүмкіндігі шектеулі жандардың психологиялық және әлеуметтік саласындағы оң өзгерістерге қол жеткізуі. Мүмкіндігі шектеулі адамдармен жұмыс жасауда арт-терапия әдістерін қолдану олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, визуалды бейнелер арқылы сыртқы әлеммен өзара тілдесуге ықпал етеді.

Балалардың шығармашылығын, қиялын, сөйлеу қабілетін дамыту үшін психологтар құм терапиясын қолданады. Құммен сурет салу ішкі тыныштықты сезінуді үйретеді. Ұсақ моторикаларды дамытады, мидың қабілетін арттырады, адам жанын тыныштандырады.

Ойын терапиясы

Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес, ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын – дегеніміз ұшқын білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты» (В.А. Сухомлинский)

Кез келген бала үшін ойын әлеуметтенудің және қоршаған әлем-

ді танудың маңызды құралдарының бірі болып табылады. Ойынның көмегімен бақылауды дамыта аламыз, зейінді белсендіре аламыз. Ойын шығармашылықтың дамуына ықпал етеді, өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамытады. Ойын жағдайында мүмкіндігі шектеулі бала дені сау құрдастарымен тығыз байланыста болады, олармен белсенді әрекеттеседі және олармен қарым-қатынас жасайды, ол өзін басқалардан ерекше сезінуді тоқтатады.

Ойын мүмкіндігі шектеулі бастауыш мектеп оқушыларына дене, адамгершілік, еңбек және эстетикалық тәрбие беру жүйесінде маңызды орын алады.

Тәрбиеші жұмысындағы маңызды бағыттардың бірі – бейімделу кезеңінде психологиялық жайлылықты құру. Мектепке жаңадан келген балалар өте эмоционалды және әсерлі. Сондықтан бейімделу кезеңінде біз ойын терапиясы әдісін кеңінен қолданамыз. Ойын баланы ынталандыруға, оның сенсомоторлық дағдыларын дамытуға және эмоционалды стрессті төмендетуге көмектесетін құрал ретінде әрекет етеді. Сонымен, бейімделу кезеңінде балалармен жұмыс кезінде ойын терапиясы әдісін қолдану өте тиімді және көпфункционалды.

Ата-аналармен жұмыс кезінде ең алдымен, олардың балаларының ауруы туралы емес, тек тілдерінде ауытқу бар екенін, егер оны қалыпқа келтірмесе, ол баланың кейінгі өмірінде қиындықтар туғызатынын, бала бойында әр түрлі комплекстердің пайда болуына әкелетінін білікті түсіндіргенде ғана ата-ананың да көңілі көтеріліп, жұмысы алға басады.

Ол үшін ата-аналармен мына жұмыстар жүргізілуі керек:

- Балалардың даму мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беру;
- ата-аналарға, балаларға отбасылық жағдайда көмектесу үшін оларға қол жетімді әдістер мен тәсілдерді үйрету;
- бірлескен жұмыстың нәтижесіне сендіру;
- жүргізілетін әдістемелермен таныстырып, көрсету;
- ата-аналардың сұраныстары мен қызығушылықтарын қанағаттау;
- жұмыстың анықтығын көрсете отырып, ата-аналарда шынайы көзқарасты, сенімділік көзқарасын қалыптастыру;
- ата-ананың мекемемен кері байланысын ұйымдастыру.

Қорыта келе:

Мүмкіндігі шектеулі адамдар физикалық жағынан шектеулі болғанына қарамастан, олар өздерінің қабілеттерін, таланттарын, өзін-өзі көрсетуге деген құштарлықтары шексіз. Рух пен ерік-жігердің арқасында бұл адамдар әр түрлі салада жетістікке жетеді. Мүмкіндігі шектеулі жандардың әртүрлі кемістігі болса да, оларды қоғамнан бөліп алуға болмайды. Олар – біз сияқты адамдар-олар да жақсы көреді, қуанады, алаңдайды, жанашыр болады.

Біз емтиханға сеніммен барамыз!

3. КАРИМОВА

Мақсаты: Мектеп түлектерін мемлекеттік қорытынды аттестаттау мен ҰБТ-ға дайындық кезінде психологиялық қолдау, қорқыныш пен ішкі уайымдарын анықтай отырып, жаттығулар арқылы арылту. Оқушылардың бойларындағы болашаққа, өздеріне деген сенімділіктерін арттыру.

Міндеттер:

1. Стреске қарсы тұруын арттыру;
2. Сенімді мінез-құлық дағдысын қалыптастыру;
3. Эмоциялық ерік-сферасын дамыту;
4. Эмпатия сезімін дамыту, өзіне көңіл бөлу және айналадағыларға сенім білдіру;
5. Ішкі резервтерін тірек етіп, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту.

Әдістер: жаттығулар, ойын әдістері, топтық кеңестер, синквейн әдісі.

Қажетті құралдар: ақ бет, қызыл түсті бояу, қарындаш.

Өткізілу түрі: тренингтік, нейрогимнастикалық жаттығулары.

Қатысушылар: 11-сынып оқушылары.

Психолог сөзі: Құрметті оқушылар! Сендер үшін 11-сынып жаңа өмір баспалдағының алғашқы сатысы. Мұндай белестер өмір мектебінде көп болады. Осы алдағы белестерден сүрінбей өтулеріңе ата-ана да, ұстаздарыңда тілектеспіз. Сүрінбей өту үшін білімді, сенімді болуымыз керек. Қиындықтарға төтеп беретін психологиялық рухани күш керек. Сондықтан да біз бүгін сендерді осы тақырыпта психологиялық дайындықты күшейтуге шақырып отырмыз. Сәттілік тілейміз!

1-жаттығу: «Қошеметтеу арқылы амандасамыз!»

Адамдар жиі бір-біріне алғыс айтып ризашылық сезімдерін жеткізіп отырулары керек. Өйткені қазіргі уақытта адамдарға шынайы көңіл жетіспейді. Алғыс айту, ризашылық білдіру оң энергия. Бүгін біз бір-бірімізбен қол шапалақтау арқылы амандасып, шынайы ниетімізді, сабаққа дайындығымызды білдіреміз. Ол үшін сол қолыңызды алдыңызға көтеру керек. Оң қолдың сұқ саусағымен сол қолдың алақанын түртіңіз. Осы тыныш дыбыстарды тыңдаңыз. Енді екі саусақпен, үш, төрт, бес саусақ – қол шапалақтау жарқын болады, ал енді бір-біріңізбен алақаныңызбен амандасыңыз. Қол шапалақтағаныңыз үшін рахмет, Мен сіздің энергияңызды, қолдауыңызды сезіндім.

2-жаттығу «Емтихан» «ҰБТ» сөздеріне Синквейн жасау.

СИНКВЕЙН жазу ережесі

Мұны бес жолдан тұратын өлең деп те атайды.

- 1) Бірінші қатарға бір сөзбен тақырып жазылады (зат есім түрінде);
- 2) Екінші қатарға тақырыпты екі сөзбен келтіруі (екі сын есім түрінде);

3) Үшінші қатарға үш сөзбен осы тақырып бойынша іс-әрекет жазылады (етістік, көсемше);

4) Төртінші қатарға төрт сөзден тұратын осы тақырыпқа қатысты сөйлем немесе сөз тіркесі;

5) Соңғы қатарға тақырып мәнін сипаттайтын бір сөзден тұратын синоним (метафора) жазылады.

3-жаттығу. Арт терапиялық жаттығу «Сезімдер қайда ұялайды?» немесе «Алғашқы көмек» ойыны.

Қажетті құралдар: бұл жаттығуды орындау үшін сізге ақ парақ және қарапайым қарындаш, қызыл бояу қажет.

Ойын барысы: әр қатысушы қағаз парағын алады және адамның суретін салады. Сол адамның бейнесіне «емтихан кезінде қаупі бар аймақтарды» қызыл түспен белгілейді. (мысалы, басы – «шамадан тыс жүктеме»).

Ойланыңыз, «Менің қорқынышым қайда тұрады?» мұны адамның контурына белгілеңіз. Сіз әдетте толқуды немесе мазасыздықты қалай шешесіз? Мұны параққа жазыңыз. Барлығы өз ойымен бөліседі.

Содан кейін жалпыланған нұсқа жасалады.

Қорытынды: емтиханға дайындық кезінде біздің ағзамыз бірдей зардап шегеді


Емтиханға дайындық

- Көру;
- Омыртқа;
- Бас ауруы;
- Ас қорыту жүйесі;
- Жүрек-қантамыр жүйесі;
- Жүйке жүйесі.
- Қараңызшы, барлық адамдар қызыл түске боялған! Не істеу керек? Өзімізді құтқаруымыз қажет!

Емтиханға, ҰБТ-ға дайындық кезінде ағзаның бөліктеріне қалай көмектесу керектігі туралы талқылау ұйымдастырылады. Мысалы, көзге көмектесу жақсы жарықтандырылған бөлмеде оқуды, оны жатпауды, көзілдірікпен оқуды, егер олар тіркелген болса, теледидарды ұзақ уақыт көруден және компьютерде жұмыс істеуден аулақ болуды және т.б. айтылады.

Сабаққа қатысушылар стрессті жеңілдету үшін: аяқ пен жамбас аймағына; арқадағы ауырсыну кезінде және мүсінді түзету үшін; бас үшін; көз үшін жаттығулар жасайды

«Тыныс алу» жаттығуын орындаңыз.



Бұл жаттығуды орындау үшін қолыңызды тізеңізге қойыңыз, арқаңызды отырғышқа тақап ыңғайлы отырыңыз.

Бірінші кезең (4-6 секунд). Мұрын арқылы терең тыныс аламыз, ауыз арқылы дем шығарамыз.

Екінші кезең (2-3 секунд). Дем алудың кідіруі.

Үшінші кезең (4-6 секунд). Ауыз арқылы күшті, терең дем шығару. Дем шығару кезінде тік толқындарды ауада тік қолдарыңызбен тартыңыз (емтихан кезінде бұл жаттығуды қолдарыңызбен серпілместен өзгерту керек).

Осылайша, 2-3 минуттан артық емес дем алыңыз.

4-жаттығу «Гимнастика Шагаем»

Мақсаты: аяқ пен жамбас аймағын; арқадағы ауырсыну кезінде және мүсінді түзетуге арналған жаттығу.

5-жаттығу «Көзге арналған жаттығу»

Мақсаты: көздің көру аймағын кеңейту, қабылдау деңгейін арттыру.

6-жаттығу «Стрессті жеңе білейік!»

Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, стресстік кезеңде қалыпқа келу.

Барысы: Екі қолға ақ қағазды алып мыжғылау, кері жазу.

7-жаттығу: «Психологиялық тест»

Мақсаты: көзді жаттықтыру, зейінді шоғырландыру.

Барысы: экраннан түстердің жазулары шығып тұрады. Қатысушылар жазудың бояуына емес, түс атауына мән беруі керек.

8-жаттығу «Стресті жеңу үшін не істеу қажет» шағын дәріс.

Біріншіден: стресс кезінде ағзада витаминдер қоры бітеді, әсіресе, В витамині жетіспейді. Витаминдерді шамадан тыс пайдаланбаған жөн.

Екіншіден: денені шынықтыру қажет. Спортзалға жиі барып дене шынықтыру жаттығуларын жасаңдар, билеңдер, ән айтыңдар, бассейнге барып жүзіңдер, далада көп серуендеңдер.

Үшіншіден: психикалық және физикалық демалу үшін релаксация қажет. Келесі әдістерді қолданып көріңіздер: баяу музыканы тыңдап, түнгі аспанға қарап армандандар.

Төртіншіден: үйлесімді өмір сүру үшін ең алдымен отбасыңның, жолдастарыңның, жақын-туыстардың көмегі қажет. Психологиялық тренингтерге барып, отбасылық қызықты отырыстар ұйымдастырыңдар.

Қорытынды рефлексия.

Енді бүгінгі сабақтан алған әсерлеріңді сол алақандарыңды жайып тұрып өз ойларыңды айтасыздар, ал оң алақанға келешекте неге қол жеткізгілеріңіз келеді соны айтамыз да барлығы орындалу үшін қол шапалақтаймыз. Барлығымыз бірлесіп хормен «РАХМЕТ» дейміз.

Психолог: Құрметті мектеп түлектері, алдарыңда үлкен сын, намысты дода тұр. Сол сынға әрқашан сеніммен барыңдар. Бақытты ғұмыр болмайды, ол бақытты секунд, бақытты минут, бақытты сәттерден тұрады, біз сол бақытты сәтті сезіне білу арқылы бақытты боламыз. Барлығыңыз қолдарыңды жоғары көтеріңдер, біркелкі хор дауыспен «Біз емтиханға сеніммен барамыз!» деп айтыңыздар.

9-сынып оқушыларына арналған психологиялық тренинг

Б. АЙТБАНОВА

Мақсат: оқушылардың көңіл-күйін көтеру.

Психологтың сөзі: Тек адамзат қана күледі. Күлкі – ауыртпалықты жеңілдетеді, күлкі ұзақ өмір сүрудің табылмас кілті. Күлкіде барлық дүние өз қасиетін әйгілейді. Күлкі шаттық бағыштайды, күш-қуат арнайды, үміт жігер (рух) береді, қайғы-қасіреттен айықтырады. Сондықтан, сәтсіздікке күлсең, ол көрген түстей елеске айналады. Табысқа күлсең ол өз қалпыңды сақтайды. Жауыздыққа күлсең, ол сенен алыстап, аулаққа кетеді. Ізгілікке күлсең, ол шуағын шашады. Әзіл-қалжыңға күлсең, ол сенің ойыңды марқайтады. Қуанышқа күлсең, ол сенің жаныңды сергітеді. Азапқа күлсең, ол сенен жасқанады. Ал өзіне-өзі күлу – дара қылық.

- Балалар, ортаға шеңбер құрып тұра қалайық (шеңбер бойымен алдын ала дайындалған жүрекшелер қойылған)

Әрқайсыларың өз жүректерінді алып, артына қарасандар, бір құпия табасыңдар.

Егер күлкі бейнеленсе, онда бір-біріңе күлімдей қараңдар; алақан бейнеленсе, амандасайық.

Күн бейнеленсе, жақсы ықыласпен сәлемдесейік.

Жүрек бейнеленсе, құшақтасайық.

1. «Айна» жаттығуы.

- **Нұсқау:** өзін-өзі мақтау.

Ортаға 5 оқушы шығады. Өз-өзін айнаға қарап мақтау керек.

2. «Көңіл-күйді бейнеле» жаттығуы.

Ойланып тұрған адамның бет әлпеті;

Ренжіп тұрған адамның бет әлпеті;

Қайғылы адамның бет әлпеті;

Ашулы адамның бет әлпеті;

Таңданған кейіп көрсету;

Өкініп тұрған адамның бет әлпеті;

Қуанып тұрған адамның бет әлпеті.

3. «Жүз жұмбақ» жаттығуы.

Оқушылар логикалық жұмбақтар жасырылып, оқушылар оларды шешуі тиіс.

1. Жасы жүзге келген қария өмір бойы өзінің туған күнін 25 рет қана атап өткен екен. Себебін анықта. Жауабы: Себебі, оның туылған күні – 29 ақпан;

2. Екі адам тоғыз құмалақты 2 сағат ойнады. Әрқайсысы неше сағаттан ойнады? Жауабы: 2 сағат.

3. Үш түйеқұс ұшып келе жатыр, аңшы олардың біреуін атып алды. Неше түйеқұс қалды? Жауабы: Түйеқұс ұшпайды.

4. «Бұзылған телефон» ойыны.

Мақсаты: қарым-қатынас үдерісінің маңыздылығын түсіндіру, кері байланысқа түсуде ақпараттардың түрленуін түсіндіру, тыңдай білу дағдыларын қалыптастыру. Нұсқау: 5 оқушы шықсың, біреуі қалады, төртеуі басқа бөлмеге бара тұрсын. Үлгі: Біздің мектепке жаңа компьютерлер сатып алынды. Бір айдан соң қазіргі тарих кабинетіне орнатады. Ал тарих кабинетін бірінші қабатқа басқа бөлмеге ауыстырады.

5. «Мен жақсы көремін» ойыны.

Ойын шарты: Дөңгеленіп тұрған балалар бір-біріне доп лақтырады. Доп кімнің қолына түссе сол бала кімді жақсы көретінін айтады. Мысалы, мен анамды жақсы көремін. Өйткені ол менің ең жақын адамым. Немесе мен Бануды жақсы көремін.

6. Сергіту:

Дене «тілі» мен адамның эмоционалдық жағдайын дамытуға арналған жаттығу.

- Сенің иығын «Мен білмеймін» деп қалай айтатынын көрсет;
- Сенің арқан қалай «Мен өте қарт адаммым» дейтінін көрсет;
- Сенің саусағың қалай «Бері кел» дейтінін көрсет;
- Сенің басың қалай «Иә, жоқ» дейтінін көрсет.

Тренингті аяқтау, оқушылармен қоштасу, бір-бірлеріне жылы сөздер айту.

Студенттер бойындағы жағымсыз мінез бітістерінің алдын алу жолдары

Л. ҚҰРМАНАЛИЕВА

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде жастармен, соның ішінде жатақханада тұратын студенттермен тәрбие жұмысы жоспарлы және жүйелі түрде жүргізіледі. Соның нәтижесінде университетімізде студент тұлғасының таңдаған мамандығы бойынша білім алумен қатар жан-жақты дамуына барынша жағдай жасалған. Барлық жатақханаларда интернет-сыныптар, спорт залдары, студенттік өзін-өзі басқару бөлмелері, оқу залдары жұмыс істейді. Тұрмыстық бөлмелер барлық қажетті құралдармен (тоңазытқыштармен, микротолқынды пештермен, кір жуу машиналарымен және т.б.) жабдықталған. Студенттік кампуста жұмыс істейтін қызметкерлердің барлығы дерлік педагог, психолог мамандардан құралған.

Жастардың рухани дүниелерінің баюына көмек ретінде, өзін-өзі жетілдіру бағытында көптеген жұмыстар атқарылуда. Адамгершілік, имандылық, сонымен қатар келеңсіз қасиеттер туралы жатақханаларда әр

түрлі кештер, дөңгелек үстелдер, пікірталастар өткізіледі. «Ақыл – адам көрігі, ақыл – сабыр серігі», – деп ұлы жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай, болашаққа адамгершілікке жандары толы, ақылды, сабырлы жастарды тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз.

Адам жанының таусылмас рухани байлығы кітап болғандықтан, кітап оқу арқылы жастарды ізгілікке, даналыққа тәрбиелеу мақсатында университетіміздің тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Сәрсенбекова Гүлнар Әлібекқызының бастауымен студенттік кампустың әр жатақханасында кітапхана бұрышы ашылып, қазақ ақын-жазушыларының еңбектерімен қатар, шетел классиктерінің де шығармалары қойылған. Дүниенің материалдық байлығына қызығып, жағымсыз қасиеттерді бойларына сіңіrmес үшін, адамзат баласы рухани бауды міндет тұту керек деп ойлаймын. Адам болу өте қиын, надан болу – әп-сәтте. Адамның жағымсыз қасиеттері – мінез-құлықтың бір сипаты. Психолог маман ретінде студенттік кампус жастары арасында «Психологиялық кеңес беру» аясында «Қызғаныш сезімнің түрлері» туралы өткізген семинар-дәрісімнің материалдарынан үзіндіні оқырман жастарға өзін-өзі тануда көмегін тигізер деген оймен келтіріп отырмын.

«Ақ» қызғаныш, «қара» қызғаныш деп жатады, бірақ тереңіне үңілсек, бұл екеуінде де бір қызғаныш. Қызғаныштары мен іштарлықтары бойларын кернеген адамдар тек қана аяныш сезімдерді тудырады. Өйткені, ондай адамдар – өте әлсіз, ерік-жігерлері төмен, сәтсіздікті көтере алмайтын аянышты жандар. Өне бойын қызғаныш пен көреалмаушылық жаулаған адам баласы өзі толыққанды өмір сүре алмайды және басқаға да өмір сүруге кедергі тудырады.

«Қызғаныш қайда болса, ұрыс сол жерде», – деп Жүсіп Баласағұни айтқандай, іштарлықтың кесірінен әр түрлі бағыттағы дау-жанжалдар туындайды, өсек айтылады, ондай адамдар салмақты, байыпты ойлана алмайды, келісті ақыл-кеңес те бере алмайды.

Жалпы, адам бойындағы жағымсыз қасиеттер аз сыналмаған. Мысалы: Мұхтар Әуезов былай деген екен: «Қызғаныш – құрт ауру. Ол мыс қазандай қайнайтын азап оты».

«Күншілдік – өзгенің мықтылығымен өзіңнің әлсіздігіңді түсінуден тұратын құбылыс», – деген екен Бауыржан Момышұлы. Адам бойында адамгершілік қасиетке қарама-қайшы жағымсыз қасиеттер көптеп табылады. Мысалы: қызғаншақтық, көре алмаушылық, іштарлық, күншілдік, мақтаншақтық пен төкаппарлық, екіжүзділік, пайдакүнөмдік, өзімшілдік, жалақорлық, жағымпаздық, надандық, еріншектік, қатігездік, өсекшілдік, өтірік айту, т.б.

Соның ішіндегі ең қауіпті күш – бұл қызғаншақтық, көре алмаушылық пен іштарлық. Қызғаныш дегеніміз не? Өз-өзіңе ме, әлде барлық дүниеге ренжу ме? Жеткіліксіз дамудың жиынтығы ма? Өз күшіңе деген сенімсіздік пе? Өз өмірін ұйымдастыра алмау ма? Әлде өміріңді дұрыс құра алмау ма?

Қызғаныш – бұл ауру. Медицинада айтылатындай, қызғаныш отына

өртенгендердің ішкі секрециясы қалыпсызданып, жүрек-қан тамыр жүйесі бұзылып, жүйке жүйесі зақымданады.

Ақылды және ең бастысы мейірімді адам мынадай аумалы-төкпелі, қайырымсыз заманда әрбір адамның сәтті қадамына шын ниетпен қуана біледі, шын жүреппен тілегін білдіреді. Ондай адамгершіліктің жағымды қасиеттерін меңгерген адам – ең жігерлі, ең қайратты, ең мәдениетті адам.

Қызғаншақтық пен іштарлықтың 3 белгісі бар:

1. Егер адам қасында болмаса, ол туралы ызалы сөздер айтып, жағымсыз ойларын білдіреді;

2. Ол сол адамды көргенде жағымпазданып, екіжүзділеніп, көлгірсиді;

3. Ол адамның бақытсыздығына қуанады.

Мұндай қасиеттер – саяз ақылдың белгілері. Өзін әрқашан басқамен салыстыра беретін, басқа біреудің сәттілігін өзінің құлдырауы деп есептейтін адам – жағымсыз қасиет иесі.

Біреудің жетістіктері мен жолы болғыштығы оның бойында қорқыныш тудырады, адам санасының ең төменгі пернелеріне әсер етіп, соған орай рефлексті қорғаныш күштері пайда болады, соны жеңу үшін әр түрлі әдістер мен тәсілдер қолданады. Басқаларға жоғары талап қоюдың артында адамгершілік пен психологиялық зиян шегушілігі, кәсіби және жеке бас шамасының төмендігі, ішкі жан дүниесінің бостығы жатады. «Біреуге не берсең, оны сен де аласың», демекші, мейірімділік пен жанашырлық, жомарттық, басқаларға адал қызмет көрсету, адамдарды шын жүреппен жақсы көру бізге өмір жолымызды абыроймен жүріп өтуімізге зор мүмкіндік пен күш береді. Адам өмірінің мақсаты мен мәні осында!

Қызғаныш – адам жанының бір түкпірінде жатқан 7 күнәнің бірі. Қызғаныш, көре алмаушылық пен іштарлық – лапылдаған от. Отқа түссең күйесің, күйген кезде есіңді жиясың, кінәнді сезініп, артынан ұялып қаласың.

Қызғаныш сезімін эмоцияның бір түрі ретінде де қарастыруға болады. Мысалы: нақты сол сәтте, ситуацияға қарап, яғни жеңіліс кезінде жеңгенге қызғанышпен қарау. Ондай кезде адам «оның жай ғана жолы болды...», «бұл бір кездейсоқтық...», т.б. деген мысалдармен өзін алдайды. Бірақ, бұл эмоция бір қысқа уақытта өтеді, тез басылады. Сөйтіп, адам баласы өз құштарлықтарының қазанында тез қайнап, тез өшеді. Қызғаншақтық, іштарлық пен көре алмаушылық – бұл шын мәнінде өте жағымсыз қасиеттер. Осы жағымсыз қасиеттер неден пайда болады? – деген сұрақ туады. Бұл қасиеттер арнайы тәрбиеленбейді, бұл балалық шақтан ата-анасының немесе басқа ересектердің баланы бағалауы мен салыстыру нәтижесінде шығады. Мысалы: «Сен Марат, Айгүл, Жанарлар сияқты болсаң...», «Әне, қарашы елдің баласына...», т.б. Салыстырулар мен сын-ескертпелерді естіп өскен балада қызғаныш сезімі пайда болады, яғни қай жерде бағалау, салыстыру, талаптар болса, сол жерде қызғаныш туады.

Қызғаншақ адамдар – жағымсыз энергияның иелері. Жан-жақтарына

агрессияның ұшқындарын атып, жамандық ойлап, қызғаныш тудырған объектілердің жағымды жақтарынан гөрі жағымсыз жақтарын тезірек байқап, оларды «тізе бүктіру» мақсатында әр түрлі агрессияның түрлерін қолданады.

Осындай адамның жеке басына, қоршаған ортасына кері әсерін тигізетін жағымсыз қасиеттерден құтылудың жолдары:

1. Сары уайымға салынбай, өзіңнің сүйікті ісіңмен айналысу. (Шахмат ойнау, суда жүзу, табиғатқа шығу, спортпен шұғылдану, т.б.);
2. Қоршаған ортаға, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарау;
3. Жан-жүйеңді, ойыңды рухани байытатын көркем шығармалар оқу;
4. Адамдардың позитивті тұстарын байқауға тырысу;
5. Әрбір күнге шүкіршілік етіп, бәріне көңілі толып, алғыс айта білгені жөн.

Тәртіптің ең тамаша мектебі – отбасы

Т. БЕРЖАНОВА,
А. ҚАЖКЕНОВА

Мақсаты: ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастарды жақсартуға мотивация қалыптастыру.

Әдісі: топпен жұмыс (ата-анамен жұмыс)

Барысы:

Жоспары:

I. Кіріспе

II. Бейнебаян

1. «Гүл бейнесіндегі отбасы»;
2. «Өзіңді білгің келсе....» тесті;
3. «Бала мүсіні» көрініс;
4. Ой талқы;
5. «Тілек ағашы»;
6. Ән шырқайық қосылып.

Барысы:

Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар! Бүгінгі біздің «Тәртіптің тамаша мектебі – отбасы» атты кездесу сағатымызға хош келдіңіздер! Ата-ананың тілегі – баласының жақсы адам болуы, еңбексүйгіштігі, оқу мен еңбектегі табыстары.

II. Бейнебаян «Әке, келіңіз билейікші». Сұрақтар талқылау

1. «Гүл бейнесіндегі Отбасы суреті».

Мақсаты: Отбасында қалыптасқан қарым-қатынас ерекшеліктерін, отбасылық жылуды, қарым-қатынасты, бір біріне жақындықтарын бақылау.

Орындау ережесі: Әркім өзінің отбасындағы мүшесін гүлге теңеп сурет салуы керек.

Құрал жабдықтар: интерактив тақта, видеослайд, ақ қағаз, түрлі-түсті бояу, өшіргіш.

Міндеті: Отбасы мүшелерін суретке түсіру ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқан қарым-қатынасты клиенттің бағалауы және одан әсерленуі, мазасыздануын анықтау.

2. «Өзіңді білгің келсе....»

«Үй, жол, жылан, бокал, шалбар және орамал»

Ата-аналарға мынандай ережелерді қадағалап отырып сурет салатындығы ескертіледі:

Бұл жұмыста Сіздер өз бейсаналарыңыздың хатшысы іспеттес боласыздар, сол себепті де еш ойланбай, қорықпай, берілген тапсырманы тездетіп орындауға тырысыңыздар.

Сурет салу тапсырылғанда, «Қалай саламын? Суреттер қандай болу керек?» деп сұрауға болмайды: өз қалауларыңыз бен шешімдеріңіз бойынша салу керек.

Суреттерді тез салу керек, өйткені оларды салуға уақыт өте аз беріледі.

Суреттерді салғанда, басқалардың суреттеріне қарауға болмайды.

Осыдан кейін ата-аналарға үй, жол, жылан, шарап ішетін бокал, шалбар мен әйелдердің басына тағатын орамалды кезекпен салуға тапсыру керек: әр затты салуға мейлінше аз уақыт беріп (5-10 сек), ата-аналарды асықтырып, жұмыстарын жеделдетіп отырған жөн.

Ата-аналар салынып біткен суреттерін бір-біріне көрсеткеннен кейін, оқытушы олардың қандай мағына білдіретіндігін айтады.

3. «Бала мүсіні» көрініс.

Баланың роліне ата-аналардың бірін шақырамын. Қатысушыларға әр топтан көрініс кезінде айтылатын тыйым сөздерді естерінде сақтап, орамалмен байлап тұру тапсырылады.

Менің кішкентай қызым бірінші сыныпта оқиды. Біз екеуіміз мектепке асығып келеміз, автобуска үлгеріп келуіміз керек. Менің қызым өте қозғалғыш, бәрін білгісі кеп тұрады, тіпті автобуска асығып келе жатқанда да көп сұрақтар қояды. Мен қызымның қолынан алдым да, жүгіре жөнелдік.

Мама, анау не, қарашы! - деді қызым.

Уақыт жоқ, аяғыңның астына қара, сүрінесің де жүресің! Неге жан жағыңа алақтай бересің? Жолға қара. ЖАН-ЖАҒЫҢА ҚАРАМА! - деп жауап бердім мен. Сол сәтте қызым сөздерді тура мағынасында түсі-

ніп, менің бұйырғанымдай көзін жұмды. (Орамалмен көзін байлаймыз). Біз әрі қарай мектепке асығып кетіп барамыз. Автобустқа мініп, мен онда өзімнің құрбымды кездестірдім. Екеуміз кешегі күнді талқылай бастадық. Қызым мұхият тыңдап, содан соң былай деді:

Мама, мама, құстың сайрағанын естимісің? Сағат деген ағай кім? - деді.

Мен, неге сен үлкендердің әңгімесіне жағаласасың? Құлағыңды түріп алыпсың ғой, үлкендердің әңгімесін тыңдауға ұялмайсың ба? Тез құлағыңды жап! (Орамалмен қызымның құлағын байлаймыз)

Біз автобустан түсіп, жолмен жүгіріп келеміз. Мен кешігіп қаламыз ба деп қайта-қайта сағатыма қарап келемін.

Бүгін қандай күн, тамаша болады! Мама мен Малика күтіп отырған шығар мен оған фантик әкелемін дегенмін, анау ше ... - деді.

Қойшы! Не сөйлеп кеттің, уақыт жоқ, онсызда кешігіп келеміз. Осы сен үндемей жүре алмайсың ба? Тез аузыңды жап! (Орамалмен аузын байлаймыз). Баламды қолынан ұстап алдым да, әрі қарай жылжыдық. Қызым үндемей келеді, бірақ жерден бір бұтақты көтере бастады. Мен оның тілазар екенін айтып, қолынан салып жібердім.

Осы сенің қолдарыңа тыным жоқ екен. Таста дедім мен саған. Тарт қолыңды! (Орамалмен қолдарын байлаймыз) Осы кезде секеңдеп, аяғын жан-жаққа сермей бастады. Менің төбе шашым тік тұрып, оған айқайладым.

Сен мұндайды қайдан үйренгенсің? Бұл немене тағы? Секеңдегеніңді қой! Түзу тұр! (Орамалмен аяқтарын байлаймыз) Мен сағатыма қарап, кешігетінімізге ашуланып, баланы сілкілей бастадым.

Неғып былжырап келесің, аяғыңды бас тезірек, жүруді де ұмытып қалғансың ба? Бол тез! Әкел қолыңды! Қолы қол емес имек сияқты, я дұрыс жаза алмайды, я дұрыстап ұстай алмайды. Жолыңа қара, сүрінбей, соқырға ұқсап келе жатқанын қарашы! Неғып үндемей қалдың, мен сенімен сөйлесіп тұрмын ғой, керең неме! Қызым жыламсырай бастады. Мен одан сайын даусымды көтеріп айқайладым.

Неге жылайсың? Неге жылайсың деймін мен саған. Жылайтындай не болды? Мені ұятқа қалдырдың ғой! Мен кімге айтып тұрмын. ЖЫЛАМА! (Осы сөздерден кейін ішін қатты байлаймын) Сөйтіп, әрі қарай қызымды қолынан дым келмейтіндігі үшін сөгуді жалғастыра бердім. Яғни мен оның бала екенін және оған менің көмегім керек екенін ұмытып, оның істеген істеріне көңілім толмай жүре бердім.

Ата-аналардың ой-пікірлерін тыңдау.

Сіздер осы оқиғадан түйген ойларыңызбен бөліссеңіздер?

Ата-ана бала көзімен болғанда қандай әсер алдыңыз?

Кішкене болса да бала тәрбиесінде кетіп жатқан қателіктеріңізді түзетуге түрткі бола алды деп ойлайсыздар ма?

Жақсы! Керемет ой білдірдіңіздер!

Атақты жанұялық терапевт Вирджиния Сатир балаңыздың дұрыс қалыптасуына күніне бірнеше рет құшақтаудың оң әсер беретінін айтқан. Яғни балаңыздың өмір сүруі үшін 4 рет құшақтау өте қажет болса, ал өзін жақсы сезіну үшін кем дегенде 8 рет құшақтау керек деп есептеген. Ал баланың интеллектуалдық жағынан дамуы үшін күніне 12 рет құшақтау қажет деген. Ересектер үшін де өте қажет екенін айтқан. Бала ата-ана құшағынан өзі шықпайынша итеріп жіберуге болмайды. Бала өзін риясыз қабылдайтынын сезініп өсу керек.

4. Ой талқы.

5. «Тілек ағашы» арт-терапия.

Құрал-жабдықтар: ақ бет, түрлі түсті бояу, түрлі ленталар, степлер, клей, қайшы.

Нұсқау: алдарыңыздағы ақ бетке өздеріңізге ұнаған ағаш суретін салып, бояп түрлі ленталарды пайдалана отырып 7 тілек тілеп ағаш бетіне байлау қажет.

6. Ән шырқайық қосылып.

Рефлексия. Қорытынды.

Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас әдебі

Л. БАЯНОВА

Мақсаты	Мұғалімдер қауымын баланың жан дүниесін түсініп, өзіне тән кілтін табуға бағыттау.	
Нәтижесі	Өзін-өзі тани алады, ортамен қарым-қатынас жасауға дағдыланады, мәдени сөйлеу білігін дамытады, мұғалім мен оқушы арасындағы психологиялық қарым-қатынасты жақсарады.	
Әдіс-тәсілдер	Топпен жұмыс: жұппен жұмыс топта талқылау. АКТ қолдану: СТО	
Түйінді идея	Оқушымен дұрыс-қарым қатынас орнату	
Кезеңдер	Коучтің іс-әрекеті	Тыңдаушылардың іс-әрекеті
Ұйымдасу кезеңі 5 мин	Психологиялық ахуал Топқа бөлу. Суретте үш түрлі бейнедегі мұғалім. 1. «Айғайшыл мұғалім»;	Қағаз қиықтарын таңдау, топтасу.

	2. «Шебер мұғалім»; 3. «Селқос мұғалім». Топтарға жағымды ахуалды және жағымсыз ахуалды тудыратын мұғалімдер арқылы бөліну. Образдарын сахналық қойылым ретінде көрсетулерін сұрау. «Менің тұлғам» Жас мамандарға ақ парақ қағаз беріледі. Өздері қалағанынша жыртып, баланың бейнесін жасап шығарады. Тыңдаушыларға тапсырма №1. Жеке жұмыс. Лупа, ақ парақ, жұлдызшалар. Осы берілген заттар туралы өз ойларын айту Лупа алған себебім: алдымдағы әр оқушының қабілетіне, дарындылығына үңіле білу және қызығушылығын арттыра білу. Парақ алған себебім: алдымыздағы әр тұлға осы ақ парақтай болып келеді, сол тұлғаны білім нәрімен қуаттандырып, әр сабағымыздың нәтижесін көре алатындай өсіру. Жұлдыз алған себебім: әр бала бір жұлдыз деп қарап, сол жұлдызды жарқырату.	Рельде ойнау Ақ парақтарды жыртады, бейнелейді. Үлкейткіш көз әйнек, ақ парақ, жұлдыздар.
Негізгі бөлім 10 минут	«Мектептегі қарым-қатынас әдебі» бейнефильмнің алғашқы бөлімін қарау. Бейнефильм арқылы коучингтің тақырыбын ашып алу. - Сіз бен біз қандай бейнефильм тамашаладық? - Бүгінгі топтық жұмысымыз қандай тақырыпта болмақ? Тақырып: «Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас әдебі» Мақсаты: Мұғалімдер қауымын баланың жан дүниесін түсініп, өзіне тән кілтін табуға бағыттау. Осы мақсатта топтық жұмыс жүргіземіз.	Бейнефильмді тамашалайды Коучтің қойған сұрақтарына жауап беру арқылы тақырыпты ашады. Өздері жазып шығады, оқиды. Топта кластер сызып, қорғайды.

	I топ: «Ой моншақ» әдісі арқылы бірінші топ өзін-өзі сыйлату әрекеттерін жазып, оқу, түсіндіру. II топ: Пазл арқылы екінші топ өзін-өзі сыйлауды төмендететін әрекеттерді жазып, оқу, түсіндіру. III топ: «Мінсіз қарым-қатынас орнату үшін мұғалім не істеу керек» топта кластерге салу, қорғау. Топтық жұмысты қорытындылау мақсатында «Мектептегі қарым-қатынас әдебі» бейнефильмнің жалғасын көру.							
Қорытынды бөлім 5 минут	Рефлексия «Плюс-минус-қызықты» әдісі. Үш бағанды кестені толтыру ұсынылады. <table border="1"> <thead> <tr> <th></th><th></th><th></th></tr> </thead> <tbody> <tr> <td>«Плюс» – оң әсер еткен фактілерді, алған, білімдері жайлы жаза алады;</td><td>«Минус» – «қолымнан келмей жатыр» немесе «түсініксіз болып тұр» деген ойларын жазады.</td><td>«Қызықты» – деген бағанға өздеріне не қызықты болды немесе не жайында көбірек білгісі келетінін сұрақ түрінде де жазса болады.</td></tr> </tbody> </table>				«Плюс» – оң әсер еткен фактілерді, алған, білімдері жайлы жаза алады;	«Минус» – «қолымнан келмей жатыр» немесе «түсініксіз болып тұр» деген ойларын жазады.	«Қызықты» – деген бағанға өздеріне не қызықты болды немесе не жайында көбірек білгісі келетінін сұрақ түрінде де жазса болады.	  
								
«Плюс» – оң әсер еткен фактілерді, алған, білімдері жайлы жаза алады;	«Минус» – «қолымнан келмей жатыр» немесе «түсініксіз болып тұр» деген ойларын жазады.	«Қызықты» – деген бағанға өздеріне не қызықты болды немесе не жайында көбірек білгісі келетінін сұрақ түрінде де жазса болады.						

5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіне арналған психологиялық жаттығулар

А. ТҰРАБАЙҚЫЗЫ

Сабақтың мақсаты:

5-сынып оқушыларына орта буында (орта мектепте) оқу жағдайына бейімделу кезеңінде психо-педагогикалық қолдау көрсету.

Сабақтың міндеті:

- 5-сынып оқушысының жаңа әлеуметтік статусы туралы түсінігін дамыту;
- Өзінің мүмкіндіктеріне және жетістіктерге ұмтылуға деген дұрыс қатынас қалыптастыру;
- Басқалармен тату өмір сүрудің қажеттілігін және өзара түсіністіктің маңызды екендігін түсіндіру.

Қажетті құралдар: дәптер, қалам, карандаш, жұмсақ ойыншық немесе доп.

Жұмыс жоспары:

1. Танысу. «Өзіңді мақта!» жаттығуы;
2. Жаттығу «Орнымызды ауыстырамыз»;
3. «Ой қозғау». «Сөйлемді жалғастыр» жаттығуы;
4. «Мен кімін? Мен қандаймын?» жаттығуы;
5. Жаттығу «Мен үшін не маңызды?»;
6. «Дос іздеймін» жаттығуы;
7. Кері байланыс. Қорытындылау.

1. Танысу. **«Өзіңді мақта!»** жаттығуы.

Қазір біздер балалар, шеңберге тұрамыз. Сіздермен өте қызықты жаттығу орындаймыз. Атауы да ерекше – «Өзіңді мақта!». Өзімізді мақтауға бізге сиқырлы доп көмектеседі. Әрбір оқушы қолына сиқырлы допты алғаннан кейін өзін мақтауы керек. Сіздерден ұялмауларыңызды сұраймын. Ендеше, ойынды өзімнен бастайын. «Мен өзімді ақылдымын және мейірімдімін деп мақтағым келеді, себебі мен әрқашан өзімнің оқушыларыма және олардың ата-аналарына, сонымен бірге басқа да адамдарға көмектесемін». Осылай допты келесі адамға береді. Бұл жаттығу оқушыларда өзіне деген сенімділікті және батылдықты дамытады.

2. Жаттығу. «Орнымызды ауыстырамыз».

Бұл ойын кішкене қимылдауға, көңіл-күйді көтеруге, сонымен қатар бір-бірі туралы қосымша ақпарат алуға мүмкіндік береді. Бір орындық алынып тасталады да, жүргізуші босаған орынға отырып алу үшін келесідей тапсырма береді: «кімнің достары көп, алмұртты жақсы көретіндер, оқуды жақсы көретіндер, домбыра тарта алатындар, балмұздақты

жақсы көретіндер, ата-анасына көмектесетіндер және т.б. орындарын ауыстырсын».

3. «Ой қозғау». «Сөйлемді жалғастыр» жаттығуы.

Оқушыларға сөйлемді жалғастыру тапсырылады. Жазбаша орындау керек.

«Бастауыш мектепте маған бәрінен де есте қалғаны ... »

«5-сыныпта мен (менің) келеді».

Оқушыларға 5-сыныпқа келгенде олардың өмірінде қандай өзгерістердің, жаңалықтардың болғандығы туралы әңгімелеу ұсынылады.

- 5-сыныпта қандай қиындықтар болды?
- Келіспеушіліктер туындаған сәттер болды ма?
- Қандай қызықты оқиғалар болды?

4. «Мен кімін? Мен қандаймын?» жаттығуы.

Оқушыларға сөйлемді жалғастыру тапсырылады. Жазбаша орындау керек.

- «Менің ойымша, мен ...».
- «Басқалар мені ... ойлайды».
- «Мен ... болғым келеді».

Әрбір сөйлемге 5-6 сөзден жазуға болады.

Сөздер тізімі:

Ұқыпты, белсенді, қонақжай, тәртіпті, білімді, жауапты, еңбекқор, кешірімді, таза, шыдамды, батыл, сенімді, қарапайым, мәдениетті, қамқор, мейірімді, сабырлы, жылы жүзді, адал, сыпайы, білімге құштар, кеңпейіл, ... т.б.

Оқушылардың жауаптары тыңдалады. Оқушылардың көпшілігіне ортақ, сәйкес келгендері саналады.

5. Жаттығу «Оқуға деген қызығушылықтарын анықтау».

Әркім өз қалауы бойынша апталық сабақ кестесін жасайды?

6. «Дос іздеймін» жаттығуы.

Балаларға «Дос іздеймін» деп аталатын хабарландыру жазу тапсырылады. Онда өзі туралы, өзінің айналысатын нәрсесі, сүйікті ісі туралы кішкене әңгімелеу керек. Хабарландыру ұзақ болмауы тиіс. Өзіңе бүркеншік ат ойлап табуға болады.

Содан кейін хабарландырулар жинап алынып оқылады. Оқушылар әрбір оқылған хабарландырудың авторы кім екендігін табады: егер дұрыс тапса, онда қосымша автордың жақсы қасиетін атайды.

- Өзің туралы жазу оңай болды ма?
- Шындықты айту қиын ба?

7. Кері байланыс. Қорытындылау.

- Сабақ барысында сен қандай сезімде болдың?
- Сабақта берілген ақпараттар саған қажет деп есептейсің бе?
- Осы сабақтан нені үйрендің, нені түсіндің?
- Сабақта үйренгендерің алдыңғы уақытта көмектеседі деп ойлайсыңдар ма?

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестеріне түзету-дамыту сабағы

Н. МЕЙРКУЛОВА

Сабақтың тақырыбы	Танымдық процестер түзету-дамыту жаттығулары.
Сабақтың мақсаты	Оқушылардың сөздік-логикалық ойлаудың даму деңгейін, есте сақтау қабілетін, қабылдау ерекшелігі мен зейін тұрақтылығын дамыту.
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын, миға шабуыл, кубизм.
Қажетті құрал-жабдықтар	Үлестірмелі қағаздар, қима суреттер, А4 қағаз, түрлі қарандаштар.

Сабақ барысы: Ұйымдастыру кезеңі Салематсыздар оқушылар, бүгін сіздермен танымдық процестер ойлау, зейін, қабылдау, есте сақтау қабілеттерге байланысты психологиялық жаттығуларды орындаймыз. «Көңіл-күй» жаттығуы.	Ресурстар: Б.А. Амирова, С.К. Жантикеев «Мектеп психологінің жұмыс кітабы» Бастауыш мектеп, - Астана, 2015 ж.										
Психологиялық тапсырмалар Сөзжұмбақ «Алтын кілт» Нұсқау: Алтын кілтті қолданып сандықта не жасырынғанын анықтау.  <table border="1"><tr><td>9</td><td>2</td><td>6</td><td>7</td><td>5</td></tr><tr><td>Л</td><td>А</td><td>О</td><td>У</td><td>Й</td></tr></table>	9	2	6	7	5	Л	А	О	У	Й	Презентация Тақырыптық слайд 
9	2	6	7	5							
Л	А	О	У	Й							

I субтест «Не артық?»

Нұсқау: Сөздерді оқып шығып, арасындағы мағынасы басқа сөзді табу қажет. Оның ішінде төртеуі жалпы белгілермен ұқсас, ал бесінші сөз оларға сәйкес келмейді. Артық сөзді табу керек.

Тапсырма:

1. а) алма, ә) алмұрт, б) жүгері, в) қарақат, г) шие.
2. а) қарға, ә) кептер, б) ұя, в) қарлығаш, г) сауысқан.
3. а) жүру, ә) секіру, б) билеу, в) отыру, г) жүгіру.
4. а) Арман, ә) Үсең, б) Сөкең, в) Жұман, г) Асанбаев.
5. а) сан, ә) бөлу, б) қосу, в) алу, г) көбейту.
6. а) қызғалдақ, ә) сарғалдақ, б) бидай, в) бейшешек, г) раушан.
7. а) қуыршақ, ә) машина, б) доп, в) күм, г) күрек.
8. а) дөңгелек, ә) таяқша, б) төртбұрыш, в) үшбұрыш, г) шаршы.
9. а) өзең, ә) көл, б) теңіз, в) көпір, г) батпақ.
10. а) жаңғақ, ә) қайың, б) емен в) терек, г) қара тал.

II субтест «Ортақ сөзді табу»

Нұсқау: Сөздерді оқып шығып, бұл екі сөздерді бір сөзбен қалай атауға болады. Олардың арасындағы ортақ сөзді табу қажет.

Мысалы: Шырша, қарағай – өсімдіктер.

Тапсырма:

- | | |
|-----------------------|------------------|
| 1. Қазан, қараша | - ай аттары |
| 2. Шапан, бөрік | - ұлттық киім |
| 3. Сауысқан, қарлығаш | - құстар |
| 4. Алма, алмұрт | - жеміс ағаштары |
| 5. Қыс, жаз | - жыл мезгілі |
| 6. Шкаф, сандық | - жиһаз түрлері |
| 7. Домбыра, қобыз | - ұлттық аспап |
| 8. Қияр, қызанақ | - көкөніс |
| 9. Күн, түн | - уақыт мерзімі |
| 10. Піл, құмырсқа | - жануарлар |

III-субтест «Ұқсастығын табу»

Нұсқау: Үш сөз беріледі. Бірінші сөзбен екінші сөздің арасында белгілі байланыс бар. Үшінші сөзге берілген сөздердің ішінен ұқсастығы бар сөзді табу қажет.

Мысалы: 1. Қияр Қызғалдақ____
Көкөніс а) гүл б) жер, в) бақша, г) қызыл.

Тапсырма:

- | | |
|---|---------|
| 1. <u>Ұстаз</u> | Дәрігер |
| Оқушы а) аурухана, б) палата, в) <u>науқас</u> , г) дәрі. | |
| 2. <u>Гүл</u> | Құс |
| Құмыра а) тұмсық, б) шағала, в) <u>ұя</u> , г) ағаш. | |

Әдістеме «Ұқсастығын табу»

Нұсқау: Үш сөз беріледі. Бірінші сөзбен екінші сөздің арасында белгілі байланыс бар. Үшінші сөзге берілген сөздердің ішінен ұқсастығы бар сөзді табу қажет.

Мысалы: Қияр / Көкөніс

Қызғалдақ

а) гүл, б) жер, в) бақша, г) қызыл

Әдістеме «Ұқсастығын табу»

Нұсқау: Үш сөз беріледі. Бірінші сөзбен екінші сөздің арасында белгілі байланыс бар. Үшінші сөзге берілген сөздердің ішінен ұқсастығы бар сөзді табу қажет.

Мысалы: Қияр / Көкөніс

Қызғалдақ

а) гүл, б) жер, в) бақша, г) қызыл

3. Қолғап Етік
Қол а) табаң, б) аяқ, в) тері, г) щетка.
4. Сағат Градусник
Уақыт а) сырқат, б) дәрігер, в) науқас,
г) температура.
5. Театр Кітапхана
Көрермен а) оқырман, б) кітап, в) оқушы,
г) мекеме.
6. Қара Күн _____
Ақ а) түң, б) жарық, в) жылу, г) апта.

Ойын «Зейінді аудару»

Мақсаты: оқушылардың зейін ерекшеліктерін дамыту.

Оқушыға әр түрлі сөздерді кезекпен айту. Мысалы: қоян, қарындаш, көгершін, кітап, сауысқан, түйе, домбыра, үй, т.б. Олар келісім бойынша сөздерге белгілі бір қимылмен жауап беру керек.

Оқушы мұқият тыңдайды да, мысалы, жануарларды білдіретін сөздерді естігенде, алақанын соғады. Екінші бөлімінде келіскендей құстарды білдіретін сөзді естігенде, қолдарын жоғары көтеріп шапалақ ұрады. Үшінші бөлімінде кез-келген басқада сөздерді естігенде оқушы орнынан да отырып аяқтарын тарсылдатады.



«Сөздерді есте сақтау» жаттығуы.

Нұсқау: Қатардағы сөздерді ретімен, арасына 4-5 секунд салып оқу, оқушылар есінде сақталған сөздерді жазады.

Дыбыстық есте сақтау:

- | | |
|------------|------------|
| 1. Парта | 6. Алма |
| 2. Қоңырау | 7. Үшбұрыш |
| 3. Күн | 8. Сиыр |
| 4. Жаттығу | 9. Шырша |
| 5. Кеме | 10. Доп |

Көріп есте сақтау:

- | | |
|------------|--------------|
| 1. Қалам | 6. Кітап |
| 2. Терезе | 7. Төртбұрыш |
| 3. Аспан | 8. Банан |
| 4. Ұшақ | 9. Қасқыр |
| 5. Барабан | 10. Үстел |

Әдістеме «Ұқастығын табу»

Нұсқау: Үш сөз беріледі. Бірінші сөзбен екінші сөздің арасында белгілі байланыс бар. Үшінші сөзге берілген сөздердің ішінен ұқастығы бар сөзді табу қажет.

Мысалы: Қиыр / Көкенис

Қызғалдақ

а) гүл, б) жер, в) бақша, г) қызыл



Психологиялық ойын жаттығулар



«Ойлап тап» ойыны «Неге ұқсайды?» жаттығуы.

Нұсқау: Суретке қарап оған ұқсайтын заттардың суретін салу.

Оқушылар шаршыны ортаға тастау арқылы геометриялық пішінге байланысты суретті жалғастырып салу қажет.

**Қорытынды. Рефлексия. «Кубизм» жаттығуы.**

Нұсқау: Ортаға шаршыны тастау арқылы сұрақтарға жауап беру.

Мұғалімдерге арналған психологиялық тренинг

Ж. ИЛЬЯСОВА

Н. КАДЫРОВА

Мақсаты: мұғалімдер арасында жақсы қарым-қатынас орнату, бір-біріне деген құрметін, сенімділігін арттыру, позитивті көңіл-күй сыйлау.

Өтетін орны: мектеп спорт залы.

Қатысушылар: педагогтар.

Барысы:**1. «Сенімділік» сергіту жаттығуы.**

Қатысушылар шеңбер жасап тұрады. Нұсқаушының айтқанын қайталап, қимылдарын бірге көрсетеді.

- Сең, мен және бәріміз,
- Тату-тәтті ұжымбыз.
- Оң жақ көршіңді құшақта.
- Сең, мен және бәріміз,

- Тату-тәтті ұжымбыз.
- Сол жақ көршінді құшақта,
та,

- Сен, мен және бәріміз,
- Тату-тәтті ұжымбыз.
- Оң жақ көршіңнің ша-
шынан сипа.

- Сен, мен және бәріміз,
Тату-тәтті ұжымбыз.
- Сол жақ көршіңнің арқа-
сынан қақ.

- Сен де кереметсің (оң
жақ көршіге қарау).

- Сен де кереметсің (сол жақ көршіге қарау).

(Барлығы қол шапалақтайды)

- Ал мен бәрінен мықтымын!

«Қытай таяқшасы» жаттығуы.

Мақсаты: қатысушыларды бір-бірін қолдауға, бірлікте болуға шақы-
ру.

Нұсқау: қатысушылар шеңберге тұрып, қолдарына бір таяқшадан
алып, тік қойып басынан ұстап тұрады. Содан кейін тренердің нұсқауы
бойынша бір мезетте таяқшаларын сол күйінде тастап, келесі көршісінің
таяқшасын түсірмей ұстап алу керек, ойын осылай жалғаса береді. Кім
таяқшаны ұстай алмайды, сол ойыннан шығарылады.

Рефлексия:

· Қандай сезімде болдыңдар?

· Ойында не қиындық болды?

2. «Алақан мен аяқ іздері» жаттығуы.

Мақсаты: қатысушылардың тепе-теңдігін, ойын, зейінін бір жерде

тұрақтандыру, есте
сақтау қабілетін артты-
ратын, қосымша қуат
көзін ашатын, мидың
жұмысын жақсартатын
жаттығу.

Құралдар: Алақан
мен аяқтың ізі салынған
қағаздар.

Нұсқау: Қатысушы-
лар алдын ала дайын-



далған алақан мен аяқтың ізі салынған суреттердің үстінен ретімен басып өтіп шығу керек.

Рефлексия:

· Ойында қандай қиыншылық болды?

3. «Өткел» ойыны.

Ойын үшін бір-бірінен 40-90 см қашықтықта орналасқан алты орындық қажет.

Қатысушылар бір-бірінің қолынан оң, теріс қарап ұстай отырып керілген жіптен өтіп шығу керек.



Ескертпелер.

Ойынның соңында оның қатысушылары алған әсерлерімен бөліседі.

4. «Арқан» ойыны.

Ойнау үшін арқан алып, сақина пайда болатындай ұштарын байлау керек. Арқанның ұзындығы ойынға қатысушылардың санына байланысты. қатысушылар шеңберге тұрып, екі қол-

мен шеңбердің ішіндегі арқанды алады. Барлық қатысушылар көздерін жұмып, арқанды жібермей, үшбұрышты (немесе шаршы, жұлдыз, алтыбұрыш) салуы керек.

Қарамай ойнау маңызды!

Ескертулер. Тәжірибе көрсеткендей, бастапқыда үзіліс болады және жігіттер енжар болады. Содан кейін олардың біреуі, мысалы, төлеуге және





содан кейін сериялық нөмірлер бойынша үшбұрыш салуды ұсынады, содан кейін әрекеттерді бағыттай бастайды. Көшбасшылар әдетте осылай әрекет етеді.

5. «Стакан мұнарасы» ойыны.

Нұсқау: Қатысушыларға резеңкеге байланған жіптер, стакандар беріледі. Жіптің көмегімен стакандарды қолмен ұстамай пирамида құру қажет. Тренинг аяқталғаннан кейін кері байланыс жүргізіледі

6. Жаттығудың нәтижелері:

- Өзіңізді қалай сезінесіз?
- Топ мақсатына жетті ме? Ол нәтижемен мақтана ала ма?
- Сізге не көмектесті?
- Не кедергі болды?
- Бұл жаттығудан қандай қорытынды шығаруға болады?

Авторлар туралы мәлімет

Сведения об авторах

АБУОВА Айсулу Исламовна – «Тілінде ауыр кемістігі бар балаларға арналған Ленгір көмекші мектеп-интернаты» КММ-нің педагог-психологы. Түркістан облысы.

АЙТБАНОВА Баян – «Өркен» арнайы мектеп-интернаты педагог-психологы. Тараз қаласы, Жамбыл облысы.

АХМЕТОВА Маржан Кубигуловна – доктор психологических наук, профессор Академии «Кайнар», научный редактор журнала «Мектептегі психология – Психология в школе». Город Алматы.

БАЯНОВА Ләззат Оразбайқызы – Қоскөл ЖОББМ-нің педагог-психологы. Қаратөбе ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

ЖУМАБАЕВА М. – Ж. Молдағалиев атындағы №2 ЖОББМ педагог-психологтары. Орал қаласы, Батыс Қазақстан облысы.

ИЛЪЯСОВА Ж. – Дарынды балаларға арналған Сәкен Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының педагог-психологы. Орал қаласы, Батыс Қазақстан облысы.

КАДЫРОВА Н. – Дарынды балаларға арналған Сәкен Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының педагог-психологы. Орал қаласы, Батыс Қазақстан облысы.

КАРИМОВА Зулфина Құрманғалиқызы – «№37 жалпы орта білім беретін мектебі» ШЖҚ МКК педагог-психологы. Орал қаласы, Батыс Қазақстан облысы.

ҚҰРМАНӘЛИЕВА Гүлбану Кәкімқызы – психолог, ҚазҰТУ студенттік кампус қызметкері. Алматы қаласы.

МЕЙРКУЛОВА Назгуль Турсынбековна – «№38 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК педагог-психологы. Астана қаласы.

ОЛЖАЕВА А. – «Bayterek 2050» жеке мектебінің педагог-психологы. Бостандық ауданы, Алматы қаласы.

САКАУОВА К. – Ж. Молдағалиев атындағы №2 ЖОББМ педагог-психологтары. Орал қаласы, Батыс Қазақстан облысы.

САЛИХАНОВ Данияр – А. Югнаки атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің педагог-психологы. Сауран ауданы, Түркістан облысы.

ТҰРАБАЙҚЫЗЫ Айгүл – Ж. Сәрсенов атындағы ЖОББМ педагог-психологы. Әйтеке би ауданы, Ақтөбе облысы.